

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ
Қ О Р Ы



КАЗАХСТАНСКИЙ
Ф О Н Д
ГАРАНТИРОВАНИЯ
ДЕПОЗИТОВ

2014
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП



15 ЖЫЛ
Сіздердің
депозиттеріңізді қорғауда

МАЗМҰНЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ.....	3
ҚОР ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ.....	5
ҚОР ТУРАЛЫ.....	8
НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР ЖӘНЕ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ.....	14
ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІ НАРЫҒЫНА ШОЛУ.....	18
2014 - 2016 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ.....	22
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ.....	28
ҚЫЗМЕТТЕР ҚОРЫТЫНДЫСЫ.....	35
ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕР ЖАРНАЛАРЫНЫҢ САРАЛАНҒАН МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР ЖҮЙЕСІ.....	36
ӨТЕМДІ ТӨЛЕУГЕ АРНАЛҒАН АРНАЙЫ РЕЗЕРВ.....	38
АКТИВТЕРДІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ.....	40
КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	42
ТАРАТУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ.....	43
ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ ХАБАРДАР ЕТУ.....	44
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ.....	46
АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК.....	48
ГЛОССАРИЙ.....	53
ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ.....	54



ҚОЖАХМЕТОВ ҚУАТ БӘКІРҰЛЫ

Директорлар кеңесінің Төрағасы,
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Төрағасының орынбасары

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАФАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Өткен 2014 жыл қиын шешімдерге және Қазақстан экономикасының дамуының тұрақтылығына төнген қауіптерге толы болды. Жаһандық экономиканың жалпы бәсеңдеуі, АҚШ долларының күшеюі, шикізат пен металл бағаларының құлдырауы сияқты сыртқы факторлар еліміздегі экономикалық ахуалға әсерін тигізбей қоймады. Дегенмен де, 2014 жылы Қазақстан экономикасы 4,3% өскенін көрсетіп отыр. Сонымен қатар жеке тұлғалар депозиттері өсуінің де жағымды динамикасы байқалады: жыл бойында депозиттер нарығы 12,5% өсімді көрсетті; қазір депозиттік база көлемі 4,5 трлн теңгені құрап отыр.

Бұл көрсеткіштер халықтың банк секторына деген сенімін білдіреді: қазақстандық үш ірі банктен депозиттердің жылыстауына қарамастан 2014 жылы депозиттік базаның ұзақ мерзімді өсу тренді сақталып отыр. Негізінен халықтың сенімі тарихи фактор болып табылады: дағдарыс жылдарында мемлекет жүйе қалыптастырғыш үш ірі банкке қолдау көрсетіп, кредиторлармен міндеттемелерді қайта құрылымдау және оларды капиталға айналдыру туралы келісімге қол жеткізген болатын. 2014 жылдың соңында бұл банктердің барлығы табысты қызмет етуде, бұл банктердің капиталындағы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ үлесіне стратегиялық инвесторлар табылды.

Келесі жылы экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету саласындағы саясаты сыртқы жағымсыз факторларды жоюға және 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық дамыту мемлекеттік бағдарламасы арқылы Қазақстан экономикасының әлеуетін күшейтуге, сондай-ақ қаржы жүйесін нығайту және банк секторын сауықтыру арқылы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталатын болады, дәлірек айтар болсақ күрделі активтердің үлесін азайту жұмыстарымен қатар кезеңдеп Базель III стандарттары бойынша капитал жеткіліктілігінің жаңа талаптары енгізіледі.

ҚРҰБ үшін қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудің басқа маңызды факторы – ұлттық валютаның экономикадағы рөлін арттыру болып табылады. Атап айтар болсақ, 2014 жылдың соңына қарай халықтың жоғары девальвациялық болжамдары аясында жеке тұлғалар депозиттері нарығының долларлану деңгейі 67% жетіп жығылды. Салыстырмалы түрде алсақ, өткен жылдың соңында шет ел валютасындағы депозиттердің үлесі 44% құраған болатын.

Сол себепті ұлттық валютадағы салымдарды ынталандыру мақсатында Үкімет пен ҚР Ұлттық банкі перспективалық жоспарларды құлақтандырған болатын – ұлттық валютадағы депозиттер бойынша

мемлекеттік кепілдік сомасын 5 миллионнан 10 миллион теңгеге дейін арттыру, ұлттық валютадағы халықтың салымдары бойынша ең жоғарғы ұсынылатын сыйақы мөлшерлемесін 9%-дан 10%-ға дейін көтеру және шет ел валютасындағы депозиттер мөлшерлемесін 4%-дан 3%-ға дейін төмендету.

2014 жылдың айтулы оқиғаларының бірі бағдарламалық құжатты – 2030 жылға дейінгі қаржы секторын дамыту Тұжырымдамасын – жасақтау және бекіту болған еді. Бұл құжат депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесін әрі қарай дамытудың, институттық өкілеттіктерді қайта бөлудің және, жалпы алғанда, халықаралық стандарттарға сәйкес банктерді сауықтыру және тарату үрдістерін жеңілдетудің және оңтайландырудың негізін қалайды.

Атап айтар болсақ, 2030 жылға дейінгі ҚР қаржы секторын дамыту Тұжырымдамасында бұл әлемдік үздік тәжірибе Қорға банктердің дәріменсіздігін реттеу қызметтерін беру және банкті сауықтыру үрдісіне тікелей қатысқан жағдайда Қордың қаражаттарын қолдану мүмкіндіктерін қарастыру бойынша шешімдерден көрініс табады. Бұдан басқа, банктерді сауықтыруға және дәріменсіздігін реттеуге арналған, дәлірек айтар болсақ таратылатын банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке беру, тұрақтылық банкін құру, міндеттемелерді қайта құрылымдау мәселелері бойынша негіздерді және критерийлерді анықтау жөніндегі заңнаманы одан әрі жетілдіру жоспарлануда. Бұл бағыттарды 2016-2018 жылдары жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Аталған шаралардың барлығы, қай кезде болса да салымшылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, салымшылардың өз ақша қаражаттарына барынша жылдам қол жеткізуіне және, жалпы алғанда, барлық тараптардың мүдделері үшін дәріменсіздікті реттеу процедураларын оңтайландыруға бағытталған. Бұл депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйелеріне арналған негізгі принциптермен және Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының миссиясымен үйлеседі.

Көптеген сұрақтар бойынша қолдау көрсеткені үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне алғыс білдіргім келеді. Сондай-ақ, осы маңызды бағыттар бойынша атқарылған жемісті жұмыстары үшін Директорлар кеңесінің мүшелеріне және Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының басшылығына ризашылығымды білдіремін.

*Құрметпен,
Директорлар кеңесінің Төрағасы,
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Төрағасының орынбасары
Қожахметов Қуат Бәкірұлы*



ҚОҒЫЛОВ БАҚЫТ БЕКТҰРҒАНҰЛЫ

«Қазақстанның депозиттерге
кепілдік беру қоры» АҚ Төрағасы

ҚОР ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті қызметтестер мен әріптестер!

2014 жылы елімізде депозиттерге кепілдік беру жүйесінің құрылғанына 15 жыл толды. Бұл өз қызметіміздің кейбір нәтижелерін қорытындылау үшін маңызды уақыт шеңбері болып табылады. Шынында да, 15 жылдық жұмысымыздың арқасында біз әлемдік үздік тәжірибені ескере отырып жеке тұлғалардың қаржы жүйесіндегі құқықтары мен мүдделерін қорғаудың институттық дамыған және жеткілікті деңгейдегі тиімді үлгісіне қол жеткіздік. Осы жылдар ішінде біз халық салымдарымен жұмыс істейтін банктердің депозиттерге кепілдік беру жүйесіне міндетті қатысуына; жалпы әлемдік стандарттарға сәйкес депозиттер бойынша мемлекеттік кепілдік сомаларын жүйелі қайта қарастыру тәжірибесін енгізуге; нарық заңдылықтарын және банк секторында орын алатын жүйелік мәселелерді анықтау үшін өзекті болып табылатын банк жарналары мөлшерлемелерінің сараланған жүйесі бойынша Қор жұмысын жөнге келтіруге қол жеткіздік. Айта кету керек, қазіргі кезде депозиттерге мемлекеттік кепілдік берудің негізгі принциптері жеткілікті түрде ықшамды және халықтың білім деңгейлері мен банк өнімдері туралы хабардарлығына қарамастан түсінікті болып табылады.

Он бес жылдың шеңберінде қаржылық реттеуші және ҚДКБЖ өз қызметінің нәтижелерін қорытындылап қана қоймай, сонымен қатар стратегиялық мақсаттармен ұзақ мерзімді даму келешегін де қайта қарастырды.

Негізінен, депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесін әрі қарай дамытуда өткен жыл шешуші болып табылды – бұл жылы осы салада сапалы институттық өзгерістер іске қосылды. 2014 жылдың тамызы айында ҚР Үкіметі тарапынан 2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамыту Тұжырымдамасы бекітілді, ал барлық орта мерзімді міндеттер Қор жұмысының барлық бағыттарын қамтитын ҚДКБЖ 2014-2016 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарында жан-жақты қарастырылған.

2014 жыл ішінде Қор ішкі процедураларды және банктерді сауықтыру және олардың дәріменсіздігін реттеу процедураларын оңтайландыру саласында стратегиялық бастамаларды және келешегі бар бағыттарды дайындау жұмыстарын жүргізді.

Біріншіден, USAID макроэкономикалық жобасының аясында Қазақстанда осы сала бойынша халықаралық консалтингтік компания талдау жұмыстарын жүргізіп, тұжырымдамалық ұсыныстар дайындады. Бұл тұжырымдамалық ұсыныстарды тәжірибе жүзінде іске асыру мәселелері бойынша Қор депозиттерге кепілдік беру бойынша АҚШ Федералдық корпорациясының (FDIC) және Ресей Федерациясының салымдарды сақтандыру жөніндегі Агенттігінің өкілдерімен кеңестер жүргізген болатын. Бұл жұмыстардың нәтижелері 2030-Тұжырымдамада депозиттерге кепілдік

беру бөлімінде толық көрініс тапқан. Осылайша, 2030-Тұжырымдама проблемалық банктерді сауықтыру және тарату саласындағы институттық өзгерістердің іргетасын қалайды және осы үрдістерге үздік әлемдік тәжірибені біріктіреді.

2014 жылы орын алған тағы бір маңызды оқиға – экономиканы долларсыздандыру шаралар кешені аясында ұлттық валютадағы халық депозиттері бойынша кепілді өтем сомасын 5 миллионнан 10 миллион теңгеге дейін арттыру туралы ҚР Үкіметі мен Ұлттық банкінің бірлескен мәлімдемесі болды. Бұл жағдайда мемлекеттік кепілдік ағымдағы депозиттік базаға қатысты жеке тұлғалардың депозиттері мен банктік шоттарының 97% толық қамтиды.

Сонымен қатар, 2015-2016 жылдарғы дамудың Стратегиялық жоспарын жүзеге асыру шеңберінде Қор өзінің тәуекел-менеджмент жүйесін дамыту мәселелері бойынша ауқымды жұмыстар атқарды. Атап айтсақ, 2014 жылдың желтоқсанынан бастап Қордың Директорлар кеңесіне қарасты Тәуекелдерді басқару комитеті жұмысын бастады, Қор құрылымында тәуекел-менеджмент қызметі және ішкі аудит қызметі құрылды, басқарушылық есепті жүйелі түрде дайындау тәжірибесі енгізілді. Бұдан басқа, Қор тәуекелдерді басқару және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін бірқатар маңызды ішкі құжаттарды бекітті.

Қордың операциялық қызметі бойынша қаржылық есептілік туралы айтар болсақ, жыл соңында төлемдерге арналған арнайы резерв көлемі 215,4 млрд. теңгені құрады, оның ішінде 145 млрд. теңге – бұл қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының балансы болып табылады. Қор 31,3 млрд. теңге көлемінде инвестициялық табысқа қол жеткізді, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіндегі көрсеткіштерден 64,7% артқан. Активтер қоржынының ағымды құны 73,7 млрд. теңгеге, немесе 22,5% артты. Банктерді тарату комиссиялары тарату өндірісіндегі өздерінің Қор алдындағы 9,4 млрд. теңге сомасындағы міндеттемелерін жапты.

Алдағы уақытта біз депозиттерге кепілдік беру жүйесін дамытудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асыру, қазақстандық заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ үрдістер мен процедураларды оңтайландыру жұмыстары бойынша Ұлттық банкпен тығыз ынтымақтастықты жалғастыра бермекпіз.

Осы мәселелерді шешу, сондай-ақ Қордың ағымдағы жобаларын жемісті жалғастыру қаржы секторының тұрақтылығына, сонымен қатар әлемдік үздік тәжірибеге сай депозиттерге кепілдік беру жүйесінің дамытуға септігін тигізгіне сенімдімін.

Құрметпен,
«Қазақстанның депозиттерге
кепілдік беру қоры» АҚ Төрағасы
Қоғылов Бақыт Бектұрғанұлы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ
Қ О Р Ы



КАЗАХСТАНСКИЙ
Ф О Н Д
ГАРАНТИРОВАНИЯ
ДЕПОЗИТОВ



15 ЖЫЛ
Сіздердің
депозиттеріңізді қорғауда

ҚОР ТУРАЛЫ

ҚОР ТУРАЛЫ

1998 жылғы ресейлік дағдарыстан кейін қазақстандық банк жүйесі үшін банктердегі халықтың депозиттерін сақтауды қамтамасыз ететін механизмді дайындау қажеттілігі басымды маңыздылыққа ие болды. Қазақстан қаржыгерлерінің I конгресінде ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жүйелі шаралар кешенін жасақтауды және жүзеге асыруды ұсынған болатын, солардың бірі халықтың депозиттерін ұжымдық сақтандыру жүйесін құру болып табылатын.

ҚДКБҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 1999 жылы 15 қарашадағы №393 «Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) қоры» Жабық акционерлік қоғамын құру» туралы Қаулысына сәйкес Ұлттық банктің 100% еншілес ұйымы ретінде құрылған болатын.

Миссиясы

Қордың миссиясы қаржы жүйесінің тұрақтылығына септігін тигізу мен Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктердің салымшыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

Дүниетанымы

Қор:

- Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге септігін тигізетін жоғары тиімді қаржы нарығының қатысушысы болуға;
- Депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйелерінің халықаралық принциптеріне жауап беретін және өз қызметінде әлемдік үздік тәжірибені ұстанатын ұйым болуға;
- Салымшылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін халықтың мемлекеттік кепілгері болуға ұмтылады.

Стратегиялық міндеттері

- Депозиттерге міндетті кепілдік беру саласындағы заңнаманы жетілдіре отырып, соның ішінде проблема-лы банктердің дәрменсіздігін реттеу және тарату қызметтерін заңды түрде Қорға бекіту арқылы, 2030 жылға дейінгі қаржы секторын дамыту Тұжырымдамасын жүзеге асыру;
- Банктерді мәжбүрлеп таратқан жағдайда салымшыларға кепілдік берілген өтемді уақтылы және дұрыс төлеу бойынша негізгі қызметтерін орындау үшін Қордың операцияндық дайындығын қамтамасыз ету;
- Қордың арнайы резервтерін толықтыру және Қордың қаржылық тұрақтылығын арттыру механизмдерін жетілдіру;
- Депозиттер бойынша, сондай-ақ сақтандырудың жекелеген түрлері бойынша кепілдік беретін қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың біріктірілген жүйесін (Integrated Protection Scheme) енгізу мәселелерін шешу;
- Заңды тұлғалардың жекелеген санаттарының (шағын бизнестің әлеуметтік маңызды топтарының) ағымдағы шоттарына кепілдік беру;
- Тәуекелдерді талдауды және Қор қызметін бақылауды күшейту;
- Салымшылардың хабардар болуын арттыруға және ДКБЖ қызмет ету принциптерін түсінуін жақсартуға бағытталған жұмыстарды күшейту.

Негізгі қызметтері

- Салымшы-жеке тұлғаларға қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда кепілді өтемді төлеу;
- Арнайы резервті қалыптастыру;
- Активтерді инвестициялық басқару;
- Қатысушы банктердің кепілдік берілген депозиттердің есебін жүргізудің автоматтандырылған дерекқорының қосылу Шартында қарастырылған Қордың бірыңғай талаптарына сәйкес келуін анықтау үшін Кепілдік берілетін депозиттер бойынша автоматтандырылған дерекқорларды жүргізу бойынша қатысушы банктерге талаптар қою;
- Қатысушы банкті оқшаулау кезеңінде уақытша әкімшілік құрамына қатысу;
- Қатысушы банкті барлық банктік операцияларды жүргізу лицензияларынан айыру кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшілік құрамына қатысу;
- Мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясының және кредиторлар комитетінің құрамына қатысу;
- Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің тізімін жүргізу;
- Конкурстық негізде депозиттер бойынша кепілдік берілген өтемді төлеу үшін агент банкті таңдау.

Негізгі принциптері

- Депозиттерді қабылдайтын, жеке тұлғалардың шоттарын ашатын және жүргізетін банктердің міндетті депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушының міндеттілігі;
- Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің айқындылығын қамтамасыз ету;
- Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қызмет етуімен байланысты тәуекелдерді төмендету;
- Кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резервті қалыптастырудың жинақтаушы сипаты.

Өтем сомасы және кепілдік беру объектілері

- Төлемнің ең жоғарғы сомасы 5 миллион теңгені құрайды.
- Кепілдік беру объектісіне Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған жеке тұлғалардың депозиттері жатады, талап етілгенге дейінгі пайызсыз депозиттерді және ислам банктерінде орналастырылған инвестициялық депозиттерді қоспағанда.

Халықаралық кәсіби қауымдастықпен жұмыстар

2003 жылдан бастап ҚДКБҚ депозиттерді сақтандыру жүйелерінің Халықаралық қауымдастығының (IADI) қатысушысы болып табылады. Қазіргі таңда ҚДКБҚ құрамына Қауымдастықтың 2 аймақтық комитеті (Еуразиялық және Азия-Тынық мұхиты аймақтық комитеттері), сондай-ақ бірқатар тұрақты комитеттер кіреді: Мәліметтер дерекқорын құру және сауалнамалар жүргізу комитеті, Зерттеулер және әдіснама комитеті, Тарату өндірісінде активтерді басқару кіші комитеті, Қаржы институттарының дәрменсіздігін реттеу комитеті.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ 15 ЖЫЛ

1999	Депозиттерді ұжымдық сақтандыру жүйесін құру туралы Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) қоры құрылды. Кепілдік беру жүйесіне қазақстандық 16 ірі банк кірді. Кепілдік берілген өтем сомасы 400 мың теңгені құрады.
2002	Сот «Көмірбанк» АҚ мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдайды; банктің 20 салымшыларына жалпы сомасы 1,7 млн. теңгені құрайтын кепілдік берілген өтем төленді.
2003	Заңнамаға енгізілген өзгерістер жеке тұлғалардан депозиттер қабылдау лицензиялары бар банктердің депозиттерге кепілдік беру жүйесіне міндетті түрде қатысуын және клиенттердің – жеке тұлғалардың шоттарын ашуын және жүргізуін бекітті. Заңнамаға бірқатар өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістерге сәйкес мерзімді және 50 000 АҚШ долларынан асатын шартты салымдардан басқа жеке тұлғалардың барлық депозиттері кепілдік беру объектісі ретінде қарастырылады. ҚДКБҚ Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің Халықаралық қауымдастығына (IADI) қатысушы болады.
2005	Сот «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдайды. 680 миллион теңге көлеміндегі кепілдік берілген өтем банктің 3,6 мың салымшыларына төленеді.
2006	7 шілдеде ҚР Президенті «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қояды. Кепілдік берілген өтем сомасы 700 мың теңгеге дейін артты.
2007	Қатысушы банктер жарналарының сараланған мөлшерлемелер жүйесі енгізілді. Сот «Валют Транзит Банк» АҚ мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдайды. 2014 жылдың соңында банктің мүлкін тарату әлі жалғасып жатыр, банк салымшылары кепілдік берілген өтемді алу үшін хабарласуда. Барлығы 63 мың салымшыларға 13,9 миллиард теңге көлемінде кепілдік берілген өтем төленді. «Валют-Транзит Банк» АҚ Тарату комиссиясы ҚДКБҚ талаптарының 61,5% өтеді.
2009	ҚДКБҚ Алматы қаласында 7 Жылдық жиналысты және ДСЖХҚ Азия-Тынық мұхиты аймақтық комитетінің Халықаралық конференциясын сәтті өткізеді. Бұл шараға 20 мемлекеттен депозиттерге кепілдік беру ұйымдарының 70 өкілі жиналады. Кепілдік берілген депозиттердің есебін жүргізуге арналған автоматтандырылған дерекқорлардың Қосылу келісім-шарттарының талаптарына сәйкестігін анықтау бойынша жұмыстар басталады.

Міндетті депозиттерге кепілдік беру жүйесі құрылғаннан бері Қазақстан Республикасында 3 банкке қатысты мәжбүрлеп тарату процедурасы қолданылды: «Көмірбанк» ААҚ (2001 ж.), «Наурыз-банк» АҚ (2005 ж.) және «Валют-Транзит Банк» АҚ (2007 ж.).

«Көмірбанк» ААҚ салымшыларына 1,7 млн. теңге көлемінде кепілдік берілген өтем төленді. Қазіргі таңда «Наурыз-банк» АҚ және «Валют-Транзит Банк» АҚ мәжбүрлеп тарату үрдісі және салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеу жалғасуда.

2011	ҚДКБҚ Алматы қаласында ДСЖХҚ Еуразиялық аймақтық комитетінің 4 жылдық жиналысын табысты өткізеді. Кепілдік берілген депозиттердің есебін жүргізу бойынша банктердің дерекқорларының Қосылу келісім-шарттарына сәйкестігін анықтау үрдісін автоматтандыру үшін «SaIT Inspect» ақпараттық жүйесі аяқталып, сынақтық пайдалануға беріледі.
2012	Еліміздің банк жүйесіне деген салымшылардың сенімін қолдау шаралары ретінде ҚР Ұлттық банкінің Стратегиялық жоспары ҚДКБҚ жарғылық капиталын жыл сайын 10% артып отыруын қарастырады.
2013	Сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда процедураларды автоматтандыру үшін «SaIT Payout» ақпараттық жүйесі сынақтық пайдалануға беріледі. ҚДКБҚ «Депозиттерге кепілдік беру жүйесін жан-жақты дамыту саласындағы жетістіктері үшін» номинациясы бойынша депозиттерге кепілдік беру бойынша үздік ұйым ретінде ДСЖХҚ марапатына ие болады.
2014	ҚР Үкіметі 2030 жылға дейінгі қаржы секторын дамыту Тұжырымдамасын бекітеді. Тұжырымдама шеңберінде қаржы нарығының барлық қатысушыларының және банк салымшыларының мүдделері үшін банктерді сауықтыру және тарату саласындағы заңнаманы дамыту, ҚДКБҚ-на қосымша қызметтер мен өкілеттіктер беру, сондай-ақ әлемдік үздік тәжірибеге сәйкес жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өтем сомасын арттыру жоспарланған. ҚР Үкіметі мен Ұлттық банкі еліміздің экономикасын долларсыздандыру шаралары кешені шеңберінде жеке тұлғалардың депозиттері бойынша кепілдік берілген өтем сомасын 10 млн. теңгеге дейін арттыратынын жариялады. Осы секілді шаралардың қатарында шетелдік валютадағы депозиттер бойынша ұсынылатын ең жоғарғы мөлшерлеменің төмендетілгенін айтуға болады.



«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ ұжымы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ
Қ О Р Ы



КАЗАХСТАНСКИЙ
Ф О Н Д
ГАРАНТИРОВАНИЯ
ДЕПОЗИТОВ



15 ЖЫЛ
Сіздердің
депозиттеріңізді қорғауда



НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР ЖӘНЕ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ

НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР ЖӘНЕ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ

Қазақстанның банк секторындағы оқиғалар

- 2014 жылдың ақпан айында ұлттық валютаның бағамын 19%-ға түзету жүзеге асырылды.
- СМС-шабуыл – қазақстандық үш ірі банктің банкрот болу болжамы туралы жалған ақпараттың WhatsApp мобильді коммуникаторы қолданушылары арасында жаппай таратылуы. I тоқсанның қорытындысы бойынша аталған үш банктегі депозиттердің таза жылыстауы 160 млрд. теңгені, немесе осы банктердегі жеке тұлғалардың жалпы депозиттерінің 19% құрады. Жалпы банк жүйесі бойынша депозиттердің айтарлықтай жылыстауы байқалған жоқ.

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің және жалпы қазақстандық қаржы секторының дамуы

- Қор өзінің құзіреттері шеңберінде Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі қаржы секторын дамыту Тұжырымдамасын дайындауға ат салысты. Тұжырымдамада банктік қадағалау және дәрменсіз банктерді сауықтыру қызметтері, халықтың депозиттері бойынша кепілдік берілген өтемнің ең жоғары сомасын әрі қарай ұлғайту, проблемалы банктердің дәрменсіздігін реттеу және тарату саласындағы жаңа институттық көзқарасты енгізу және ары қарай процедураларды оңтайландыру мәселелері көрсетілген.
- 2014 жылдың желтоқсанында ҚР Үкіметі мен Ұлттық банкі бірлесе отырып Қазақстан экономикасын долларсыздандыру шаралары кешені шеңберінде ұлттық валютадағы жеке тұлғалардың депозиттері бойынша кепілдік берілген өтем сомасын 5 млн. теңгеден 10 млн. теңгеге дейін арттыратынын жариялады.
- Қазақстандағы USAID макроэкономикалық жобасы шеңберінде америкалық Deloitte кеңсесімен дайындалған проблемалы екінші деңгейдегі банктерді сауықтыру және тарату тәжірибесі бойынша тұжырымдамалық ұсыныстарды жүзеге асыру мақсатында 2014 жылдың шілде айында ҚРҰБ және ҚДКБҚ депозиттерді сақтандыру бойынша Федерациялық корпорациясымен (FDIC, АҚШ) кеңестер топтамасын ұйымдастырды.

Стратегиялық жоспарлау және стратегиялық бастамаларды жүзеге асыру

- Алдағы кезеңде Қор бірқатар стратегиялық бастамаларды, соның ішінде Қордың Директорлар кеңесі бекіткен «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ 2014-2016 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарында көрсетілген бастамаларды іске асыруды жоспарлап отыр. Қордың әрі қарай дамуының негізгі бағыттарына мыналар кіреді: (1) Қордың құзіреті шеңберінде ҚР 2030 жылға дейінгі қаржы секторын дамыту Тұжырымдамасын жүзеге асыру; (2) кепілдік берілген өтемді жедел және дұрыс төлеу бойынша негізгі қызметтерін орындауға Қордың операциялық дайындығын қамтамасыз ету; (3) арнайы резервті шоғырландыру және қаржылық тұрақтылықты арттыру механизмдерін жетілдіру; (4) қаржы өнімдерін тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың интеграцияланған жүйесін енгізу мәселелерін шешу; (5) тәуекелдерді талдау және Қор қызметін бақылау жұмыстарын күшейту; (6) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі туралы салымшылардың хабардар болуын арттыруға және оның қызмет ету принциптерінің түсінікті болуын жақсартуға арналған жұмыстарды күшейту; (7) Қор қызметінің негізгі бағыттары бойынша ережелер мен регламенттерді, сондай-ақ ішкі процедураларды жетілдіру; (8) Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің Халықаралық қауымдастығы аясында шетелдік әріптестермен қарым-қатынас жасау; (9) Қор жұмысшыларының кәсіби деңгейін, біліктілігін және құзіреттерін арттыру.

Тәуекелдерді басқару

- Қордың Директорлар кеңесіне қарасты Тәуекелдерді басқару комитеті құрылған.
- Қордың ұйымдық құрылымында тәуекел-менеджер штаттық бірлігі және ішкі аудит қызметі қарастырылды.
- Жүйелі басқарушылық есептілік дайындау тәжірибесі енгізілді.
- Қордың қызметіне тән негізгі тәуекелдерді басқаруға кешенді шара ретінде Қордың Директорлар Кеңесімен тәуекелдерді (дәлірек айтсақ, операциялық, қаржылық, репутациялық және кешенді тәуекелдерді) басқару жүйесін анықтайтын Тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру Ережесі дайындалып, бекітілді.
- Қор қызметін ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы бақылау айтарлықтай күшейтілді.

ҚДКБҚ-да заң, экономика және қаржы, қолданбалы математика және ақпараттық технологиялар саласында ғылым кандидаты, сондай-ақ магистр академиялық дәрежесі бар қызметкерлер жұмыс істейді. Өз қызметінде Қордың қызметкерлері мемлекеттік қызметкерлерге тән кәсіби тәртіптің және іскерлік этиканың стандарттарын ұстанады.

Сараланған мөлшерлемелер жүйесін дамыту

- 2014 жылдың қыркүйегінде міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу бойынша Қордың әдістемесін қайта қарастыру жұмыстары жалғасын тапты, жұмыс тобы құрылды, оған банктердің өкілдері кірді – Қордың Консультативтік кеңесінің және Ұлттық банктің мүшелері – Банктік қадағалау департаментінен, Қаржылық тұрақтылық және тәуекелдерді басқару департаментінен, Зерттеу және стратегиялық талдау департаментінен. Бұл жұмыс тобының міндеті қатысушы банктер жарналарының сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін кешенді түрде қайта қарастыру болып табылады. Осы жұмыстар шеңберінде 2014 жылы ҚДКБҚ массивтерді қалыптастыру және мәліметтерді статистикалық тестілеуге кірісті; «БАТА» жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесі шеңберіндегі барлық сандық индикаторлардың экономикалық маңыздылығына талдау жүргізілді.

Депозиттер бойынша кепілдік берілген өтемді төлеуге дайындықты қамтамасыз ету

- «SalT Inspect» ақпараттық жүйесі түрлендірілген; кепілдік берілген депозиттер бойынша дерекқорлардың Қор талаптарына сай келуін анықтау шаралары шеңберінде қатысушы банктің депозиттік базасында тестілеу жүргізілді. Қор «SalT Inspect» АЖ 2015 жылдың бірінші жарты жылдығында өнеркәсіптік пайдалануға беруді жоспарлап отыр.
- 2014 жылдың соңында Қор негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді пайдалануға енгізу жөніндегі арнайы Комиссияның қатысуымен «SalT Inspect» АЖ тәжірибелік-өнеркәсіптік тестілеуден өткізді.
- Қор кепілдік берілген депозиттердің есебін жүргізу бойынша дерекқорлардың қосылу Келісім-шарттарына сәйкестігін анықтау шараларын 6 банкте жүргізіп, соның ішінде 1 банкте қайта жүргізіп, аяқтады.

Халықаралық қатынастарды дамыту

- Ресей Федерациясының салымдарды сақтандыру бойынша Агенттігінің өкілдерімен бірқатар кездесулер кезінде Қор қызметкерлері проблемалы банктерді тарату мәселелері бойынша, соның ішінде тарату процедураларын қолдау, заңнамалық қолдау және таратылатын банктерде наразылық-даулау жұмыстарын жүргізу, қажетті бағдарламалық жасақтаманы дайындау салалары бойынша кеңестер алды.
- Қор Ресей Федерациясының салымдарды сақтандыру бойынша Агентігімен, Әзірбайжанның депозиттерге кепілдік беру қорымен және Түркияның депозиттерге кепілдік беру қорымен меморандумдар жасасты.
- Депозиттерге кепілдік беру саласындағы үздік халықаралық тәжірибені зерттеу және тәжірибе алмасу шеңберінде Қор өкілдері бірқатар халықаралық конференцияларға және мамандандырылған кәсіби семинарларға қатысты: банктердің қаржылық жағдайын бағалау (Азия даму банкінің Манила қ., Филиппин, Қаржылық қадағалау органдарының қызметкерлеріне арналған бағдарламасы желісі бойынша), міндеттемелерді капиталдандыру және қайта құрылымдау арқылы банктердің дәрменсіздігін реттеу (25-26 маусым, Варшава қ., Польша), кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резервтің активтерін инвестициялық басқару (12-14 қараша, Богота қ., Колумбия), депозиттерді сақтандыру ұйымдарының арнайы резервтерінің және активтер құрылымының оңтайлы деңгейін анықтау (9-11 желтоқсан, Тирана қ., Албания), депозиттерді сақтандыру бойынша дамып келе жатқан ұйымдарға қолдау көрсету бағдарламалары және халықаралық ынтымақтастық (2-4 желтоқсан, Сеул қ., Оңтүстік Корея).
- Қордың өкілдері Әзірбайжанның депозиттерге кепілдік беру қоры ұйымдастырған банктердің күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерінің жүйесін жасау және дамыту мәселелері бойынша техникалық семинарына, ДСЖХҚ Азия-Тынық мұхиты аймақтық комитетінің міндеттемелерді қайта құрылымдау және қосымша капиталдандыру арқылы банктердің қаржылық дәрменсіздігін реттеуге арналған конференцияға спикерлер немесе модераторлар ретінде қатысты.
- 2014 жылдың 7-10 желтоқсанында Әзірбайжанның депозиттерге кепілдік беру қорының басшылығы және мамандары «Тәуекелдерді талдау негізінде депозиттерге кепілдік беру жүйесін қаржыландыру» тақырыбындағы техникалық семинарға қатысу үшін Алматы қаласына келген болатын. Семинар барысында ҚДКБҚ және Әзірбайжанның депозиттерге кепілдік беру қорының басшылары мен мамандары жарналардың сараланған мөлшерлемелерін жасақтау және енгізу мәселелерін талқылады. Сонымен қатар, есептерді автоматтандыру үшін ақпараттық жүйелерді және бағдарламалық өнімдерді дайындау және басқару мәселелері де қарастырылды.
- ҚДКБҚ өкілдері Әзірбайжанның депозиттерге кепілдік беру қоры (Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің Халықаралық қауымдастығының Еуразиялық аймақтық комитетінің Төрағасы) ұйымдастырған банктерді мәжбүрлеп тарату, міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелері жүйелерін дамыту, халықтың депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі туралы хабардар болу деңгейін қолдау тақырыптары бойынша онлайн-семинарларға қатысты.
- Сонымен қатар, Қор қызметкерлері депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелеріне арналған негізгі принциптерді дайындау жөніндегі жаңа басылымдағы Бірлескен жұмыс тобына да қатысты. Жұмыс тобының құрамына Базельдік банктік қадағалау комитетінің, Еуропалық комиссияның, сондай-ақ Депозиттерді сақтандырушылардың Еуропалық форумының өкілдері кірді. Жаңартылған құжат Қаржылық тұрақтылық бойынша Халықаралық кеңестің FSB Compendium of Standards халықаралық стандарттар жинағындағы ескі басылымды алмастырды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ
Қ О Р Ы



КАЗАХСТАНСКИЙ
Ф О Н Д
ГАРАНТИРОВАНИЯ
ДЕПОЗИТОВ



15 ЖЫЛ
Сіздердің
депозиттеріңізді қорғауда




ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ
ДЕПОЗИТТЕРІ НАРЫҒЫНА ШОЛУ

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІ НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2015 жылдың 1 қаңтарында халық салымдарының үлесі өткен жылдың басымен салыстырғанда 12,5%, немесе 492,3 млрд. теңгеге артқан, және 4,4 трлн. теңгені құрап отыр. 2014 жылдың ақпан айында орын алған ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты бағамының өзгерісі ұлттық валютадағы салымдардың шет ел валютасындағы салымдарға жылыстауына себеп болды. Теңгедегі салымдардың төмендеуі 34,7% құраса (немесе – 765,2 млрд. теңге), ал шетел валютасындағы салымдардың өсуі 72,4%, немесе 1257,5 млрд. теңгені құраған. Ұлттық валютадағы депозиттердің үлесі 2013 жылғы 56%-бен салыстырғанда есепті кезеңде 33% құрап отыр, сәйкесінше шетел валютасындағы депозиттер өткен жылғы 44%-бен салыстырғанда 67% құраған.


Жеке тұлғалардың теңгедегі және шетел валютасындағы депозиттері көлемінің өзгеру динамикасы



Жеке тұлғалардың депозиттері негізінен «Bank RBK» АҚ-да (+67,7 млрд. теңге, немесе 200,6%), «Qazaq Banki» АҚ-да (+50,7 млрд. теңге, немесе 417,2%), «Forte Bank» АҚ-да (+4,9 млрд. теңге, немесе 155,1%) және «Capital Bank Kazakhstan» АҚ-да (+0,9 млрд. теңге, немесе 108,0%) 2 еседен артық өсіп отыр. Осы төрт банктің депозиттік базасының жалпы өсімі барлық қатысушы банктердің салымдарының өсуінің 25,3% құрап отыр.

Есепті жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғалардың депозиттері бойынша көшбасшы бестіктің қатарына мына банктер кіріп отыр: «Қазақстан халық банкі» АҚ – ДҚБЖ қатысушы банктердің барлық депозиттеріндегі жалпы үлесі 20,4% құраған және жеке тұлғалардың депозиттері жылдық 105,5 млрд. теңгеге, немесе 13,2% артқан; «Казкоммерцбанк» АҚ – нарықтағы жалпы үлесі 15,7% (+52,03 млрд. теңге, немесе 8,1%); «Kaspi Bank» АҚ – нарықтағы жалпы үлесі 9,4% (+7,2 млрд. теңге, немесе 1,8%); «Банк ЦентрКредит» АҚ – нарықтағы жалпы үлесі 7,5% (-6,3 млрд. теңге, немесе 1,8%); және «Ресей Жинақ банкі» АҚ ЕБ – нарықтағы жалпы үлесі 6,7% (+75,8 млрд. теңге, немесе 34,1%).

01.01.2015 ж. жеке тұлғалар депозиттерінің негізгі санаттар бойынша құрылымы



Қатысушы банктердің мәліметтері бойынша 2015 жылдың 1 қаңтарында жеке тұлғалардың депозиттері бойынша халықтың салымдары құрылымында сомасы 3,9 трлн. теңгені, ал үлесі 89,2% құрайтын мерзімді салымдар басым үлеске ие болып отыр және бір жыл ішінде 512,6 млрд. теңгеге, немесе 15% мөлшерінде өсім көрсетіп отыр. Әрі қарай карт-шоттардағы ақша қалдықтарының жиынтық депозиттік қоржындағы үлесі 10,4% құрап, жыл ішінде 3,8 млрд. теңгеге азайған. Талап етілгенге дейінгі салымдардың үлесі жалпы депозиттер көлемінің 0,4% құраған, есепті жылы олардың сомасы 16,6 млрд. теңгеге азайған.

Халықтың депозиттік базасының өсуі негізінен 15 млн. теңгеден асатын шетелдік валютадағы ірі мерзімді салымдардың 841,4 млрд. теңгеге (77,0%) өсуі есебінен қалыптасып отыр. Сонымен қатар, 15 млн. теңгеден асатын ірі мерзімді салымдардың таза жылдық өсімі 405,2 млрд. теңгені (23,6%) құраған, тиісінше теңгедегі аталған салымдар 436,2 млрд. теңгеге (-70,4%) азайған. 5 млн. теңгеге дейінгі мерзімді салымдардың өсуі 84,0 (6,9%) млрд. теңгені көрсетсе, ал 5 млн. теңгеден 10 млн. теңгеге дейінгі салымдар – 23,4 млрд.теңгені (6,6%) құрады.

Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің құрамындағы өзгерістер

Қолданыстағы заңнама депозиттер қабылдауға, жеке тұлғалардың шоттарын ашуға және жүргізуге лицензиялары бар, ислам банктерінен басқа, барлық банктердің депозиттерге кепілдік беру жүйесіне міндетті қатысуын талап етеді. 2014 жылдың 31 желтоқсанында депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктерінің саны Қазақстандағы әрекет етуші екінші деңгейдегі 38 банктің құрамындағы 37 банкті қамтиды.

Есепті жылы депозиттерге кепілдік беру жүйесіне екі банк қосылды. 2014 жылдың 26 ақпанында «Эксимбанк Қазақстан» АҚ №43 қатысушы банк куәлігі берілді. Ал 2014 жылдың 2 сәуірінде «Банк «Астана-Финанс» АҚ №44 қатысушы банк куәлігіне ие болды.


Сонымен қатар, мемлекеттік қайта тіркеу нәтижесінде акционерлердің өзгеруіне байланысты бірқатар банктердің атаулары өзгертілді. 2014 жылдың ақпанында «ТАИБ Қазақ Банк» ЕБ АҚ «Capital Bank Kazakhstan» АҚ деп атауын өзгертті, ал есепті жылдың қараша айында «HSBC Банк Қазақстан» АҚ ЕБ «Altyn Bank» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ ЕБ) деп өзгертілді.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ
Қ О Р Ы



КАЗАХСТАНСКИЙ
Ф О Н Д
ГАРАНТИРОВАНИЯ
ДЕПОЗИТОВ





15 ЖЫЛ
Сіздердің
депозиттеріңізді қорғауда

2014 - 2016 ЖЫЛДАРДАҒЫ
ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

2014 – 2016 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

2014 жылдың 25 қыркүйегінде Директорлар кеңесі «Қазақстандағы депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ 2014-2016 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарын бекітті. Стратегиялық жоспар дамудың стратегиялық бағыттарын, мақсаттарын және алдағы үш жыл ішіндегі Қор қызметінің басымдылықтарын анықтайды.

Депозиттерге кепілдік беру жүйесін әрі қарай дамытудың стратегиялық бағыттары Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру жүйесін дамытудың сапалық тұрғыдан жаңа сатысына көшіру мақсатында Қордың қызметіне тән барынша ықпалды тәуекелдерді, сондай-ақ оларды төмендетуге арналған тиімді шаралар мен әрекеттерді және Қор қызметінің негізгі бағыттарын әрі қарай жетілдіру жоспарын ескеретін стратегиялық жоспарлаудың кешенді тәсілдеріне сәйкес анықталған.

Жоғарыда аталған Стратегиялық жоспарға енген Қорды әрі қарай дамытудың стратегиялық негізгі бағыттарының құрамында мынадай шаралар қарастырылған:

- Депозиттерге міндетті кепілдік беру саласындағы заңнаманы, соның ішінде банктердің дәрменсіздігін реттеу және тарату бойынша қызметтерді заңды түрде Қорға беру тұрғысында жетілдіру, аталған үрдістерде депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қаражаттарын қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету (банкті сауықтыру үрдісіне ҚДКБҚ тікелей қатысуы жағдайында және банкті сауықтыру шараларының құны банкті тарату құнынан төмен екендігін құжатты түрде растаған жағдайда ғана), ең жоғарғы кепілдік берілген өтем сомасын әрі қарай арттыру, Қор кепілдіктерінің заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарына да қатысты болуы туралы сұрақтарды қарастыру арқылы 2030 жылға дейінгі ҚР қаржы секторын дамыту Тұжырымдамасын жүзеге асыру;
- Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату барысында салымшыларға кепілдік берілген өтемді жедел және дұрыс төлеу бойынша негізгі қызметтерді орындау үшін операциялық дайындықты қамтамасыз ету;
- Арнайы резервті жұмылдыру және қаржылық тұрақтылықты арттыру механизмдерін жетілдіру;
- Депозиттер мен сақтандырудың жекелеген түрлері бойынша кепілдік беретін қаржы өнімдерін тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың біріктірілген жүйесін (*Integrated Protection Scheme*) енгізу мәселесін қарастыру;
- Қор қызметінің тәуекелдерін басқаруды және бақылауды күшейту;
- Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі туралы салымшылардың хабардар болуын арттыруға және бұл жүйенің қызмет ету принциптерін түсінуін жақсартуға бағытталған жұмыстарды күшейту.

Қосымша, алдағы жылы Қор ДСЖХҚ-ң түрлі комитеттеріне, жұмыс топтарына, сондай-ақ ДСЖХҚ және оның мүшелері жүргізетін тақырыптық зерттеулерге және сауалнамаларға, семинарларға және конференцияларға қатысу арқылы Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің Халықаралық қауымдастығы аясында шетелдік әріптестермен белсенді қарым-қатынастарды жалғастыра бермек.

Бұнымен қоса, кепілдік берілген өтемді кідіртпестен төлеуді қамтамасыз ету; уақытша әкімшілік, тарату комиссиялары, кредиторлар комитеті құрамдарына қатысу; күнтізбелік жарналарды әрі қарай жинау үшін банктердің қаржылық жағдайын бағалау; активтерді тиімді инвестициялау арқылы кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резервті қалыптастыру секілді Қор қызметінің негізгі бағыттары бойынша ережелерді және регламенттерді, сондай-ақ ішкі процедураларды жетілдіру жұмыстары жалғасын табатын болады.

Қордың негізгі міндеттерін жүзеге асырудың кепілі болып табылатын қызметкерлердің кәсіби деңгейін, біліктілігін және құзіреттерін арттыру Қордың алдағы кезеңдегі әлеуетін арттырудың маңызды бағыттарының бірі болып қала береді.

Тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту

Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін арттырудың қажеттілігіне байланысты Қор 2014 жылы Тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру Ережесінің жаңа басылымын қайта қарастырып, бекіткен болатын.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі міндеті мәжбүрлеп таратылатын банктің салымшыларына кепілдік берілген өтемді уақтылы және толық төлеу, арнайы резерв құру, Қордың тәуекелдерін жүзеге асырумен байланысты жағымсыз салдарды төмендету арқылы заңнама талаптарына сәйкес қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысу бойынша Қордың міндеттерін жүзеге асыру болып табылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесі Қор қызметіне тән операциондық, қаржылық, репутациялық және комплаенс секілді тәуекелдерді сәйкестендіруге, олардың маңыздылық деңгейін анықтауға және басқаруға (төмендетуге) бағытталған.

Қордың тәуекелдерді басқару жүйесі Қордың әлеуетті және іске асырылған тәуекелдері туралы жедел және объективті мәліметтерді алу үрдісін үздіксіз және циклдық түрде жүзеге асыру, Қордың ағымдағы қызметіне тәуекелдердің ықпал ету деңгейін және дәрежесін анықтау үрдісін, тәуекелдер бойынша жүйелі басқарушылық есептілікті әзірлеу, тәуекелдерді төмендету бойынша шараларды әзірлеу және жүзеге асыру, Қордың тәуекелдерді басқару бойынша құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру, тәуекелдерді басқарумен байланысты үрдістерді автоматтандыру және жақсарту бойынша кешенді тәсілдерді қолдануды қажет етеді.

Заңнамаға сәйкес Қордың негізгі қызметтерінің бірі сақтандыру жағдайы орын алғанда салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеуге қажетті арнайы резервтің жеткілікті деңгейін қалыптастыру болып табылатындықтан, тәуекелдердің қауіптілігін бағалау, атап айтар болсақ, Қор қызметі үшін барынша маңызды қаржылық тәуекелдерді бағалау, халықаралық және шетелдік тәжірибелер негізінде жүзеге асырылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесі сыртқы құқықтық және ақпараттық ортаны талдау негізінде комплаенс және репутациялық тәуекелдерге үздіксіз мониторинг жүргізуді, сонымен қатар осы тәуекелдерді басқару бойынша, соның ішінде жедел жауап беру бойынша, тиісті шараларды қажет етеді.

2014 жылы Ұлттық банктің шешімі бойынша Қордың штаттық кестесіне тәуекел менеджері позициясы енгізілді, ішкі аудит қызметі құрылды. Бұл құрылымдық өзгерістер бірінші кезекте Қор қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге, тәуекелдерді басқаруға және олардың алдын алуға бағытталған.

Тәуекелдерді басқару шараларын тиімді орындау мақсатында 2014 жылдың соңында Директорлар Кеңесі Қордың Директорлар кеңесіне қарасты Тәуекелдерді басқару комитетін құру туралы шешім қабылдады. Бұл шешім тәуекелдерді басқару жүйесінің жағдайы туралы Директорлар кеңесінің хабардар болуына септігін тигізеді, сондай-ақ тәуекелдерді басқару саласында Қор басшылығы жұмысының жеделдігін қамтамасыз етеді.

Бұған қоса, Тәуекелдерді басқару ережесі жедел ақпараттандыру және басқарушылық есептілікті әзірлеу арқылы тәуекелдерді басқару саласындағы шешімдерді қабылдауда Директорлар кеңесінің тікелей қатысуын қажет етеді. Бұл комитет тәуекелдерді басқару сұрақтары бойынша тиімді коммуникативті алаң болмақ.

Ақпараттық қауіпсіздік

Қордың операцияларын автоматтандыру және жеңілдету мақсатында мамандандырылған бағдарламалық жасақтама – «Salt Inspect», «Salt Payout», «BATA» ақпараттық жүйелері қолданылады. Бұған қоса, алдағы кезеңдерде Қор ішкі үрдістерді автоматтандыратын қосымша ақпараттық жүйелерді енгізуді жоспарлап отыр.

Осы орайда, Қор қызметінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді дайындау және енгізу үрдістерімен байланысты тәуекелдерді жіктеу және төмендету мақсатында Ұлттық банк Қор құрылымында ақпараттық қауіпсіздік саласында ақпараттық технологиялар және әдістемелік базаны дайындау қызметін құру туралы шешім қабылдады. Бұл шешімдерді жүзеге асыру үшін 2014 жылдың соңында Қор Директорлар кеңесінде Ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету Ережесін және Ақпараттық жүйелерді дайындау, дамыту, түзеу, енгізу және қолдау Ережесін ұсынып, бекітті.

Ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету Ережесі ақпараттық жүйелердің қауіпсіз жұмыс істеу саласындағы міндеттерді, қауіптердің түрлерін, қорғауға жататын ресурстарды, сонымен қатар ұйымдық және бағдарламалық-техникалық қорғаныс шараларын қоса отырып, қауіпсіздік жүйесін жүзеге асырудың негізгі бағыттарын анықтайды. Сонымен қатар, Ереже бағдарламалық жасақтаманы есепке алуды және сақтауды, ақпараттарды резервтеу және архивтеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды қарастырады, резервтеу үрдісінің әдісін, ақпараттарды резервтік көшіру және архивтеу үрдісін басқару тәртібін, мәліметтерді қалпына келтіруді, ақпараттық ресурстарға рұқсат беру құқықтарын анықтайды, вирусқа қарсы бағдарламалық жасақтамаға талаптарды бекітеді, сондай-ақ Интернет желісімен және электронды поштамен жұмыс жасау тәртібін анықтайды.

Өз кезегінде, ақпараттық жүйелерді дайындау, дамыту, түзету, енгізу және қолдау автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді дайындаудың ұйымдастырушылық-технологиялық үрдісін қамтамасыз ететін жұмыстардың

негізгі бағыттарын анықтайды. Ереже ақпараттық жүйелерді дайындау үрдісін құжаттау технологиясын және тәртібін қарастырады, ақпараттық жүйені дайындауға, түзетуге, дамытуға тапсырыстар қабылдау тәртібін орнатады, ақпараттық жүйелерді дайындаудың, дамытудың, түзетудің, енгізудің және қолдаудың негізгі кезеңдерін (ақпараттық жүйелердің өмір сүру циклын) анықтайды, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді басқару және қолдау үрдісін анықтайды.

Заңнаманы жетілдіру

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің мақсаттарын, міндеттерін және қызметтерін жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен, Акционердің және Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталады. Бұл орайда Қор депозиттерге кепілдік беру сұрақтары бойынша құқықтық ортаны дамытуға белсенді қатысады.

2014 жылдың тамыз айында ҚР Үкіметімен 2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамыту Тұжырымдамасы бекітілген болатын. Тұжырымдаманы жүзеге асырудың мақсаты жалпы қоғам үшін, мемлекет және қаржы ұйымдары үшін өзінің қаржылық делдал қызметтерін барынша тиімді жүзеге асыратын қаржы секторын құру болып табылады. Сонымен қоса, қаржы секторының даму бағыттарын анықтау барысында ғаламдық деңгейде болып жатқан өзгерістер ескеріледі. Қор өз құзіреттері шеңберінде Тұжырымдама жобасын дайындауға белсене ат салысты.

Банктердің дәрменсіздігін реттеу шаралары тұрғысында қаржы нарығының қатысушыларына «ауыртпалық» тигізбейтін, депозит салушы жеке тұлғаларға түсінікті болатын, оны консервациялау және банктің активтері мен міндеттемелерін (соның ішінде жеке тұлғалардың депозиттерін) толықтай немесе бір бөлігін басқа банкке беру арқылы банктің қаржылық жағдайын жақсартатын пәрменді механизм жасалады. Аталған шаралар шеңберінде, сондай-ақ депозиттерге кепілдік беру жүйесін жетілдіру шаралары шеңберінде, мыналар қарастырылады:

1) Дәрменсіз банктерді (банкті лицензиялардан айырғаннан кейін) реттеу процедураларын жүзеге асыру қызметтерін ҚДКБҚ-на беру;

2) Сауықтыру шараларының құны банкті тарату құнынан төмен болатынын құжатпен растаған жағдайда ҚДКБҚ сауықтыру үрдісіне тікелей қатысуы арқылы депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қаражаттарын пайдалану мүмкіндіктерін қамтамасыз ету (least cost method);

3) Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің Халықаралық қауымдастығының депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйелері үшін Негізгі қағидаларын ескере отырып, жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік берудің ең жоғарғы сомасын әрі қарай арттыру мәселелерін қарастыру (кепілдік берілген өтем сомасы шоттардың саны бойынша өтелуі 90 %-дан кем емес, ал депозиттердің жиынтық сомасы бойынша 50 %-дан артық емес болатындай белгіленуі тиіс);

4) Салымдарға кепілдік беру объектілерінің заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарына да қатысты болуын қарастыру.

Бұған қоса, процедуралық негіздемелерді және банктерді сауықтыру/реттеу (активтер мен міндеттемелерді басқа банкке беру; тұрақтандыру банкін құру, банктің қарыздарын мәжбүрлі түрде акционерлік капиталға айналдыру және т.б.) бойынша шараларды жүргізуге арналған критерийлерді анықтауды қарастыратын банктік заңнаманы жетілдіру мәселелері шамамен 2016-2018 жылдары қарастырылатын болады.

Банктерді тарату процедураларын жетілдіру жаңа институттық көзқарасты қалыптастыруды, сондай-ақ өндіріп алу мүмкіндігі жоқ қарыздарды проблемалы банктің балансынан шығарып тастау процедурасын жеңілдетуді қажет етеді.

2014 жылы депозит салушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ қоғамның қазақстандық банк жүйесіне деген сенімін арттыру және банк секторының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Қор «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер енгізу бойынша, атап айтқанда жеке тұлғалардың депозиттері бойынша кепілдік берілген өтемнің ең жоғарғы сомасын 5 млн. теңгеден 10 млн. теңгеге дейін арттыру жұмыстарына ат салысты.

Сонымен қоса, депозиттерге кепілдік беру жүйесін жалпы дамыту аясында Қор ҚР Ұлттық банкінің жетекшілігімен жүргізілетін жұмыстарға белсене араласты, атап айтар болсақ:

- 1) Халықаралық валюталық қордың қаржы секторын бағалау Бағдарламасы (Financial Sector Assessment Program, FSAP) бойынша жобаға;
- 2) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен және ол құрылтайшысы (үәкілетті органы) немесе акционері болып табылатын заңды тұлғалармен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу Ережесін дайындауға;
- 3) Мәжбүрлеп таратылатын «Валют-Транзит Банк» АҚ мәселелерін талқылауға.

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қызметін реттейтін құжаттар:

- ✓ Қосылу Шарты;
- ✓ Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшерін және оларды төлеу тәртібін анықтау Ережесі;
- ✓ Кепілдік берілген депозиттердің есебін жүргізудің автоматтандырылған дерекқорының қосылу Шартында көрсетілген талаптарға сәйкестігін анықтау Ережесі;
- ✓ Жеке тұлғалардың жаңадан тартылатын депозиттері бойынша ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемелерін анықтау және бекіту әдістемесі.

Жаңа құжаттар:

- ✓ «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-да тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру Ережесі;
- ✓ Ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету Ережесі;
- ✓ Ақпараттық жүйелерді дайындау, дамыту, түзету, енгізу және қолдау Ережесі;
- ✓ Қордың арнайы резервінің мақсатты деңгейін және мөлшерін анықтау және орнату әдістемесі.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ
Қ О Р Ы



КАЗАХСТАНСКИЙ
Ф О Н Д
ГАРАНТИРОВАНИЯ
ДЕПОЗИТОВ



15 ЖЫЛ
Сіздердің
депозиттеріңізді қорғауда

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Ұлттық банк Қордың құрылтайшысы, жалғыз акционері және жоғарғы басқарушы органы болып табылады.

Жарғыға сәйкес, Акционердің құзіретіне кіретін барлық сұрақтар бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Төрағасының орынбасары Құсайынов Нұрлан Жетпісұлы қабылдайды.

2014 жылы Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің 7 мүшесін, соның ішінде 3 Тәуелсіз директорды және ҚДКБҚ Төрағасын қамтыды. Директорлар кеңесінің Төрағасы Қожахметов Қуат Бәкірұлы – Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Төрағасының орынбасары.

2014 жылдың соңындағы жағдайға сәйкес Директорлар кеңесіне қарасты үш комитет жұмыс жасайды:

- 1) Стратегиялық жоспарлау және ішкі аудит комитеті;
- 2) Тәуекелдерді басқару комитеті;
- 3) Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет.

Қордың Тәуекелдерді басқару комитеті 2014 жылы құрылған болатын.

2014 жылы Директорлар кеңесінің алты отырысы, соның ішінде бес іштей және бір сырттай отырыс болып өтті.

Директорлар кеңесінің 2014 жылғы қызметінің нәтижелері

- ✓ 2014-2016 жылдарға арналған Қорды дамытудың Стратегиялық жоспары бекітілді.
- ✓ Ұлттық валютадағы жеке тұлғалардың депозиттері бойынша ең жоғарғы кепілдік берілген өтемді арттыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу сұрақтары бойынша Қорға ұсыныстар дайындау жүктелді (шетел валютасындағы депозиттер үшін ең жоғарғы кепілдік берілген өтем сомасы бұрынғы қалпында – 5 млн. теңгеге дейінгі деңгейде қалады).
- ✓ Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшерін және оларды төлеу тәртібін анықтау Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.
- ✓ Директорлар кеңесінің Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеті құрылды.
- ✓ ҚДКБҚ ұйымдық құрылымында ішкі аудит және тәуекел-менеджмент қызметтері құрылды.
- ✓ Қосылу Шартына өзгертулер мен толықтырулар бекітілді.
- ✓ Инвестициялық саясат пен Инвестициялық стратегия бекітілді.
- ✓ Қордың тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыру Ережесі бекітілді.
- ✓ Арнайы резервтің мақсатты деңгейін және мөлшерін анықтау Әдістемесі бекітілді.
- ✓ Ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету Ережесі, Ақпараттық жүйелерді дайындау, дамыту, түзету, енгізу және қолдау Ережесі бекітілді.
- ✓ Жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемелерін анықтау және орнату Әдістемесіне өзгерістер бекітілді.
- ✓ Жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемелері қарастырылды және бекітілді.
- ✓ Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерде кепілдік берілген депозиттердің есебін жүргізудің автоматтандырылған дерекқорының қосылу Шартында бекітілген «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ талаптарына сәйкестігін анықтау Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.
- ✓ Қызметкерлерге еңбекақы төлеу Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.
- ✓ Ішкі құжат – Қызметтік іссапарлар туралы Нұсқаулық бекітілді.

ҚҰСАЙЫНОВ НҰРЛАН ЖЕТПІСҰЛЫ – Қордың жалғыз акционерінің өкілі



Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Төрағасының орынбасары лауазымына ие.

2010 жылдан бастап 2011 жылға дейін Басқарма төрағасының Бірінші орынбасары лауазымында болды, 2011 жылдан 2013 жылдар аралығында – Қазақстан даму банкінің Басқарма төрағасы болды. 2010 жылға дейін – Al Falah Capital Partners (Қазақстандағы 500 млн. АҚШ долларына дейінгі көлемдегі тікелей инвестициялар қорының) Басқарушы әріптесі. 2003-2004 жылдары ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Женева қаласындағы арнайы тобының жетекшісі лауазымын атқарды, Қазақстанның Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруіне қатысты келіссөздер үрдісін дайындаумен айналысты.

Қазақ мемлекеттік басқару академиясының «Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы бойынша түлегі (1997). Басқару саласында Стенфорд бизнес мектебінің (Альфред Слоуэннің бағдарламасы бойынша) басқару саласындағы ғылым магистрі дипломының иегері. Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігінің желісі бойынша Экономикалық жоспарлау бағдарламасы бойынша білім алған.

ҚДКБҚ Директорлар кеңесі (2014 жылдың соңындағы жағдай бойынша)



ҚОЖАХМЕТОВ ҚУАТ БӘКІРҰЛЫ – Директорлар кеңесінің Төрағасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Төрағасының орынбасары. Бұдан бұрын 2008 жылдан бастап Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау Агенттігі Төрағасының орынбасары лауазымын, ал 2011 жылдан бастап – Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау Комитетінің Төрағасы лауазымын атқарады. 2001-2006 жылдары «Цеснабанк» АҚ Басқарма Төрағасы болып, ал 2006-2008 жылдары «Цесна Корпорация» АҚ Төрағасының орынбасары, ал одан кейін – Басқарма төрағасы қызметін атқарған.

Тұрар Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясының түлегі (ерекше диплом, 1994). «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейлі медалімен (2011), «Құрмет» орденімен (2010), «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Құрметті қызметкері» белгісімен марапатталған.



СМОЛЯКОВ ОЛЕГ АЛЕКСАНДРОВИЧ

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Төрағасының орынбасары. ҚРҰБ-де 16 жылдан астам қызмет етіп келеді, ал 2006 жылдан бастап қаржылық тұрақтылық бойынша бөлімшеге басшылық етеді. Төлем балансы және валюталық бақылау басқармасында жұмыс істеген, атап айтқанда 2002 жылдан бастап Төлем балансы департаменті Директорының орынбасары болған.

Қазақ мемлекеттік басқару академиясының экономист мамандығы бойынша түлегі (1996), Ұлттық Саяси зерттеулер институтының (Жапония) магистр дәрежесінің, Қаржы және экономика саласында University of Warwick (Ұлыбритания) Магистр дәрежесінің иегері.



ҚОҒЫЛОВ БАҚЫТ БЕКТҰРҒАНҰЛЫ – ҚДКБҚ Төрағасы

2014 жылдың 2 сәуірінде Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының Төраға орынбасары болып, ал кейінірек, 30 сәуірде – Төраға болып тағайындалған. Банктік қадағалау және сақтандыру ұйымдарын қадағалау саласында Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің бөлімшелерінде 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар, соның ішінде 15 жылдан астам – басқарушы лауазымдарда жұмыс атқарған.

Қазақстан мемлекеттік басқару академиясының экономист мамандығы бойынша түлегі (1997).



БУБЕЕВ МҰХТАР САПАРӘЛІҰЛЫ

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Зерттеу және стратегиялық талдау департаментінің директоры. 2011 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау Комитеті Төрағасының орынбасары болған, ал 2014 жылы Комитеттің Төраға міндеттерін атқарушысы болып тағайындалған.

Лондон экономикалық және саяси ғылымдар мектебінің түлегі (1998).



БЕЙСЕНБЕК ЗИЯБЕКОВ – Тәуелсіз директор

Ауыл шаруашылығы өндірісін несиелеу жұмыстары бойынша 30 жылдан астам тәжірибесі бар – бастапқыда КСРО Мемлекеттік банкінің желісі бойынша, содан кейін – Казагропромбанктің жоғарғы басқарушы лауазымдық қызметтерін атқарған. 2001 жылдың қаңтарынан бастап ТМД елдеріндегі Агропромбанк мемлекетаралық қауымдастығының (Мәскеу қ.) Вице-президенті лауазымын атқарған. 1993-1994 жылдары ҚР Ұлттық банкінде Төраға орынбасары болып жұмыс істеген. 10 жылдан астам академиялық мансабы бар; 2007-2008 жылдары Банк ісі Академиясын басқарған.



СИЗОВА СЛАВА ИВАНОВНА – Тәуелсіз директор

30 жылдан астам өнеркәсіп саласында және мемлекеттік секторда тәжірибесі бар, оның ішінде 17 жыл ҚР Ұлттық банкінде Заң департаменті директорының орынбасары болып жұмыс істеген.



АХАНОВ СЕРІК АХМЕТЖАНҰЛЫ – ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

Экономика ғылымдарының докторы, профессор. 2004 жылдан бастап Қазақстан қаржыгерлері Қауымдастығы Кеңесінің Төрағасы лауазымын атқарады. «Казкоммерцбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (2011 жылдан бастап), ҚР Президентіне қарасты Кәсіпкерлер кеңесінің мүшесі.

Мемлекеттік органдарда және қаржы секторында үлкен жұмыс тәжірибесі бар. ҚазКСР Министрлер кеңесінде (1990-1991), Президент Аппаратында (1991-1993) жұмыс істеген, Экономика министрінің орынбасары (1993-1994 және 1999-2001), Эксимбанк Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары (1994-1997 және 2001), ҚҰ Ұлттық банкі Төрағасының орынбасары (1997-1999), Қаржы вице-министрі лауазымдарын атқарған.

2002-2003 жылдары «Казкоммерцбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, ал 2001-2002 және 2003-2004 жылдары «Казкоммерцбанк» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі болған.

Консультативтік кеңес

Консультативтік кеңес – бұл депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің мүдделерін қорғайтын және олардың өкілдерінен құралған ҚДКБҚ құрылымындағы ұжымдық консультативтік орган.

Консультативтік кеңестің негізгі міндеттері:

1) Қатысушы банктер тұрғысынан Қазақстан Республикасы депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарын қарастыру және ұсыныстар дайындау;

2) Қордың Директорлар кеңесіне қарауға ұсынылатын қосылу Шартына, міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшерін және төлеу тәртібін анықтау Ережесіне және Қордың басқа да актілеріне өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала қарастыру;

3) Қазақстан Республикасының депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің Қосылу шарты шеңберінде өздерінің міндеттемелерін орындау барысында пайда болуы мүмкін түсініксіздіктерді, қателіктерді және қарама-қайшылықтарды жою бойынша ұсыныстарды дайындау;

4) Қосылу шартымен қарастырылған қатысушы банктердің өз міндеттемелерін, соның ішінде жарналарды және айыппұлдарды төлеу міндеттемелерін орындамау жағдайларын болдырмау ұсыныстарын дайындау.

Қордың Консультативтік кеңесінің мүшелері жыл сайын депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің жалпы жиналысында сайланады.

Консультативтік кеңес Төрағасы жыл сайын Консультативтік кеңес мүшелері арасынан сайланады. 2014 жылы Консультативтік кеңес төрағасының міндетін «Қазақстан халық банкі» АҚ өкілі атқарды.

2014 жылғы Консультативтік кеңес қызметінің нәтижелері

2014 жылы Консультативтік кеңестің тоғыз жиналысы болып өтті. Солардың ішінде келесідей негізгі мәселелер қаралды:

1) Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшерін және төлеу тәртібін анықтау Ережесіне және Қосылу шартына өзгерістер мен толықтырулар;

2) Жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша ұсынылатын ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемелерін қайта қараудың мақсаттылығы;

3) Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемелерін есептеу тәртібі;

4) Міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу Әдістемесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу бойынша банктердің ұсыныстары;

5) ҚДКБҚ ұсынған жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемелерінен асатын Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктерінің жауапкершілігін арттырудың мақсаттылығы;

6) Маркетингтік және PR–кампаниялар арқылы қоғамды хабардар ету тұрғысында Қордың қатысушы банктермен әріптестік құру мәселелері;

7) Банктің кепілдік берілген депозиттерінің есебін жүргізудің автоматтандырылған дерекқорының қосылу Шартына сәйкес келуін анықтау, атап айтқанда «SaIT Inspect» ақпараттық жүйесін орнату және қолдану арқылы процедураларын жетілдіру.

Қордың Директорлар кеңесі өзінің күн тәртібіндегі барлық сұрақтарды қарастыру барысында Консультативтік кеңес мүшелерінің пікірлерін назарға алды.

2014 жылы Консультативтік кеңесте екі жұмыс тобы қызмет етті – 1) ақпараттық-түсіндіру қызметінде қатысушы банктермен әріптестікті күшейту сұрақтары бойынша және 2) банк жарналарының сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін жетілдіру бойынша.

Консультативтік кеңестің құрамы (2014 жылдың соңында)



МЕРУЕРТ КАРДЖАНОВА
(«Қазақстан Халық банкі» АҚ) – Консультативтік кеңес Төрайымы, Бөлшек өнімдер және агенттік қызметтер департаментінің директоры)



СТЕПАНОВА ИРИНА КОНСТАНТИНОВНА
(«Bank RBK» АҚ) – Басқарушы директор



БЕЛОВА ТАТЬЯНА ИВАНОВНА
(«Альянс Банк» АҚ) – Бөлшек бизнесті дамыту департаментінің Директоры



СЫЧЕВ АЛЕКСЕЙ ГЕННАДЬЕВИЧ
(«Казкоммерцбанк» АҚ) – Бөлшек бизнес департаментінің Директоры



ЛИ АНТОН КОНСТАНТИНОВИЧ
(«АТФБанк» АҚ) – Басқарушы директор – Басқарма мүшесі



ТИМЧЕНКО АНДРЕЙ ИГОРЕВИЧ
(«Сбербанк» АҚ ЕБ) – Бөлшек бизнес бойынша Басқарма Төрағасының орынбасары



ЗДАНОВИЧ ЛАРИСА ПЕТРОВНА
(«Банк ЦентрКредит» АҚ) – Жоспарлау және қаржы департаментінің Директоры



ЖАПАРОВА АЙГЕРІМ КАЙЫРГЕЛДІҚЫЗЫ
(«БТА Банк» АҚ) – Басқарушы директор – Басқарма мүшесі



ГОССАР БЕРТРАН ЖАН ЭММАНУЭЛЬ
(«Евразийский банк» АҚ) – Басқарушы директор – Бөлшек бизнес стратегиясы департаментінің Директоры



АЛТЫНБЕКОВ ҚАЙРАТ ТӨРЕҚҰЛҰЛЫ
(«Қазақстан Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ) – Басқарма Төрағасының орынбасары

Бақылаушылар

КӨПЕШОВ БУЛАН БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ	«AsiaCredit Bank (Азия Кредит Банк)» АҚ Басқарушы директоры
МИРОНОВ ПАВЕЛ ВЛАДИМИРОВИЧ	«Kaspi bank» Басқарушы директоры
КАЛИЕВА ДИНА ЮРЬЕВНА	«Темірбанк» АҚ Бөлшек бизнес департаментінің директоры
ЯКУПБАЕВ РУСТАМ КУАТОВИЧ	«Цеснабанк» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ
Қ О Р Ы



КАЗАХСТАНСКИЙ
Ф О Н Д
ГАРАНТИРОВАНИЯ
ДЕПОЗИТОВ



15 ЖЫЛ
Сіздердің
депозиттеріңізді қорғауда

ҚЫЗМЕТТЕР ҚОРЫТЫНДЫСЫ

ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕР ЖАРНАЛАРЫНЫҢ САРАЛАНҒАН МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР ЖҮЙЕСІ

Міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесі 2007 жылы қолданысқа енгізілді.

Қолданыстағы жүйе тәуекелдерді басқарудың құрамдастырылған тәсілімен сипатталады: барынша мүмкін болатын жинақтама баллдардың 70%-ы сандық көрсеткіштер, 30%-ы сапалық көрсеткіштерді құрайды. Сандық және сапалық көрсеткіштерді құрамдастырудың артықшылығы – олар банктердің тәуекелдер құрылымын бағалаудың барынша тиімді және толық қамтитын тәсілі болып табылады және қолда бар ақпараттың кең ауқымын қолданады.

Аталған көрсеткіштерді есептеу нәтижелері бойынша тоқсан сайын әрбір қатысушы банк бойынша жалпы жинақтама балл есептеледі. Берілген жалпы жинақтама баллдың мәніне байланысты қатысушы банк жіктелген топтардың біріне бөлінеді, бұл топтардың әрқайсысының өзінің міндетті күнтізбелік жарнасының мөлшерлемесі болады. Осылайша, банктің қаржылық тұрақтылығы және тәуекелді операцияларының деңгейі қаншалықты жоғары болса, оның күнтізбелік жарналарының мөлшерлемелері де соншалықты жоғары болады.

Қатысушы банктердің ұсыныстары мен ескертулерін, сондай-ақ отандық банк секторындағы, банктік заңнамадағы және реттеуші органның бекіткен есептілік нысандарындағы өзгерістерді ескере отырып Қор әрдайым жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін жетілдіріп отырады. Міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін ең соңғы рет кешенді қайта қарау 2013 жылы жүргізілген болатын. Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшерін және төлеу тәртібін анықтау Ережесіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып 2013 жылдың қыркүйегінен бастап 2014 жылдың тамызы аралығында «БАТА» ақпараттық жүйесін бейімдеу және жаңаландыру жұмыстары жүргізілген болатын.

Аталған мәселе бойынша халықаралық тәжірибеге сәйкес 2014 жылдың соңында жарналардың сараланған мөлшерлемелерінің жүйесі ДСЖХҚ-на қатысушы 22 ұйымда болды, салыстырмалы түрде алсақ жарналардың бекітілген мөлшерлемелерін қолданатын 58 депозиттерді сақтандыру ұйымдары және аталған әдістерді аралас қолданатын 13 ұйым бар.

2014 жылдың қыркүйек айында жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін жетілдіру бойынша жұмыстар жалғастырылды. Қордың Консультативтік кеңесінің (ҚКК) жиналысында қатысушы банктердің жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесіне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарын алдын ала талқылау жүргізілді, сондай-ақ жұмыс тобының алдын ала құрамы анықталды. Жұмыс тобының міндетіне банк жарналарының сараланған мөлшерлемелері жүйесінің әдістемесін кешенді түрде қайта қарастыру кірді. Жұмыс тобының құрамына ҚКК-не мүше банктердің өкілдері, сонымен қатар Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментінен, Қаржылық тұрақтылық және тәуекелдерді басқару Департаментінен, Зерттеу және стратегиялық талдау Департаментінен өкілдер кірді. Аталған жұмыс тобының қатысушыларынан шамамен 45 ұсыныс, соның ішінде көрсеткіштердің шекті мәндері бойынша ұсыныстар келіп түсті.

Есепті жылдың қазанында жұмыс тобының жиналысы болып өтті, мұнда Қор қажетті мәліметтерді әрі қарай дайындау, ұсынылған көрсеткіштерді есептеу және статистикалық талдау және тестілеу өткізу үшін аталған мәселе бойынша келіп түскен барлық ұсыныстар жан-жақты қаралды. Аталған жұмыс шеңберінде Қор ай сайынғы негізде 13 кезең бойынша барлық қолданыстағы және ұсыныстағы сандық көрсеткіштер бойынша мәліметтер массивін қалыптастырды, сонымен қатар мәліметтердің қалыптасқан массивтерін әрі қарай статистикалық тестілеу үшін тексеру жұмыстары басталды. Бұдан басқа, барлық ұсынылған сандық көрсеткіштер жалпы жинақтама баллдарды және жіктеу топтарын есептеуде қолдану үшін олардың экономикалық маңыздылығы тұрғысынан талданды.


Міндетті күнтізбелік жарналардың мөлшерлемелері

Жіктеу тобы	A	B	C	D	E	S
Қатысушы банктің күнтізбелік жарнасының мөлшерлемесі (қатысушы банктегі жеке тұлғалардың барлық депозиттерінің сомасының %)	0,04	0,08	0,11	0,19	0,38	0,5

Шешуші қаржылық көрсеткіштерге негізделетін және тоқсан сайынғы тиісті мөлшерлемелері бар алты жіктеу топтарын анықтайтын «БАТА» міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу жүйесіне сәйкес 9 қатысушы банк тоқсандық жарналарының мөлшерлемесі төмен топтарға ауысу арқылы өздерінің жағдайларын біршама жақсартып алды, 3 қатысушы банк ұсынылатын ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемелерін бұзуды тоқтатты және «S» жіктеу тобынан шықты, 23 қатысушы банк бұрынғы орындарын сақтап қалды. Сонымен қоса, 2014 жылы ДКБҚ-на келесі екі жылда «D» жіктеу тобында болатын екі банк қосылды.

2014 жылдың 4-тоқсанының қорытындысы бойынша қатысушы банктер келесідей жіктеу топтарына бөлінді: «А» тобының үлесі 5,4% (2 банк), «В» тобының үлесі – 18,9% (7 банк), «С» тобының үлесі – 40,5% (15 банк), «D» тобының үлесі – 27,0% (10 банк), «Е» тобының үлесі – 5,4% (2 банк) және «S» тобының үлесі – 2,7% (1 банк).

«БАТА» жүйесінің жіктеу топтары бойынша қатысушы банктерді бөлу



ӨТЕМДІ ТӨЛЕУГЕ АРНАЛҒАН АРНАЙЫ РЕЗЕРВ

Мәжбүрлеп таратылатын банктің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу жинақтама негізінде құралатын арнайы резерв қаражаттары есебінен жүргізіледі.

Заңнамаға сәйкес арнайы резерв былайша қалыптасады:

- 1) Банктердің міндетті күнтізбелік жарналарынан;
- 2) Қосылу шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе лайықты орындамағаны үшін қатысушы банкке қолданылған тұрақсыздық айыппұлдарынан;
- 3) Мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің Қор талаптарын орындау тәртібі бойынша алынған қаражаттардан;
- 4) Арнайы резерв активтерін орналастырудан түскен инвестициялық табыстан;
- 5) Акционердің шешімі бойынша басқа да түсімдерден.

Арнайы резервтің мақсатты деңгейін анықтау әдістемесі

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнайы резервтің мақсатты деңгейі депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың жалпы депозиттік базасының 5%-нан кем болмауы тиіс.


2014 жылы ҚДКБҚ арнайы резервтің мақсатты деңгейін және мөлшерін анықтау және орнату Әдістемесін жетілдірді және Директорлар Кеңесімен бекітті. Бекітілген Әдістемеге сәйкес 2014 жылы арнайы резервтің мақсатты деңгейі депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттік базасының 6,9% деңгейінде бекітілді. Арнайы резервтің 2014 жылғы нақты деңгейі 70% жарғылық капиталды есепке алмағанда 4,9% құрады, ал 70% жарғылық капиталды есепке алғанда – 7,2% құрады.

Арнайы резервтің құрылымы

2014 жылдың 31 желтоқсанында 215,4 млрд. теңге көлемінде арнайы резерв қалыптасқан.

Арнайы резерв құрылымында ең үлкен үлесті қатысушы банктердің күнтізбелік жарналары құрайды (67,3%). Есепті жылдың басымен салыстырғанда жарналардың деңгейі 30,4 млрд. теңгеге өскен және 2014 жылдың соңында 145 млрд. теңгені құраған.

Арнайы резерв активтерінің динамикалық құрылымы (2011 - 2014 жж.)



2000-2013 жылдары Қордың таза табысы 3,2 млрд. теңгеге артқан және оның арнайы резервтегі үлесі 19,7% құрады, ал 2013 жылдың соңында 22,8% құраған. «Көмірбанк» ЖАҚ, «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ және «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссияларынан кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша қарыздарды өтеуге арналған төлемдердің сомасы 920,0 млн. теңгеге артып, 9,4 млрд. теңгеге жетіп отыр.

2014 жылдың желтоқсанындағы Акционердің шешімімен арнайы резерв ҚР Заңының 22 бабы 1-тармағы 1-тармақшасына сәйкес Қордың шығыстары есебінен 8,5 млрд. теңгеге артып отыр. 2014 жылы ҚР Ұлттық банкі жарғылық капиталды 10%, яғни 177,2 млрд.теңгеге дейін арттырды.

Кепілдік берілген өтемді төлеуге бағытталуы мүмкін ең жоғарғы сома 320,9 млрд. теңгені құрайды.

Арнайы резервтің қосымша қаржы көздері

Қолданыстағы заңнама арнайы резервтің қаражаттары жетпеген жағдайда жарғылық капиталдың бір бөлігін резервтік қаржыландыру көзі ретінде қарастырады. ҚР Ұлттық банкінің 2011-2015 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарына сәйкес Қордың жарғылық капиталын жыл сайын 10% арттырып отырады.

2013 жылдың 5 желтоқсанында «Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңына өзгертулер енгізілді, бұл өзгертулерге сәйкес Акционердің шешімімен арнайы резервтің қаражаттары жетіспеген жағдайда салымшыларға өтем төлеуге бағытталуы мүмкін жарғылық капиталдың үлесі 50 пайыздан 70 пайызға дейін арттырылды. Бұл заңнамалық өзгеріс 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді.

АКТИВТЕРДІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ

Консервативті инвестициялық саясат

Активтерді инвестициялық басқару бойынша стратегияның сипаты барынша консервативті деп анықталуы мүмкін. Активтерді басқаруда Қор 3 принципті ұстанады: активтердің сақталуы, қаржылық зиян шегу тәуекелін азайту және инвестициялардың табыстылығын арттыру.

Активтерді сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі жүзеге асырады, ал Қор мен ҚРҰБ арасындағы қарым-қатынастар сенімгерлік басқару келісім-шартымен реттеледі.

Қордың инвестициялық саясаты Директорлар кеңесінің шешімімен (2014 жылдың 27 қарашасындағы №5 Хаттама) бекітілген және жоспарланған табыстылыққа қол жеткізу, зияндар тәуекелін төмендету және инвестициялардың өтімділігін қамтамасыз ету мақсатында активтерді инвестициялау шарттарын анықтайтын құжат болып табылады. 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қор арнайы резерв активтері мен меншікті активтердің бөлек есебін жүргізеді:

- 1) Қордың меншікті активтерінің инвестициялық қоржыны – жарғылық капитал қаражаттары есебінен;
- 2) Қордың арнайы резерв активтерінің қоржыны.

Меншікті активтер қоржыны ішкі нарықтағы қаржы құралдарынан, ұлттық валютада қалыптасады. Арнайы резерв активтері ұлттық және шетелдік валюталарда келесі қатынаспен орналастырылады:

- 1) Шетел валютасындағы қаржы құралдары – ең төменгі үлесі арнайы резерв қоржынындағы активтердің 25%, ең жоғарғы үлесі – 35%.
- 2) Ұлттық валютадағы қаржы құралдары – ең төменгі үлесі арнайы резерв қоржынындағы активтердің 65%, ең жоғарғы үлесі – 75%.

Есепті кезеңнің соңында активтердің құны 416,9 млрд. теңгеге жеткен (өткен жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 23,3% (78,8 млрд. теңгеге) артқан). 2014 жылы алынған табыстың құрылымында ең жоғарғы үлесті теңгеді шығарылған бағалы қағаздардан түскен инвестициялық табыс 57,9% мөлшерінде құрап отыр, таза бағам айырмашылығы 41,6%, АҚШ долларында шығарылған бағалы қағаздар бойынша инвестициялық табыс 0,32% құрайды. Бұнымен қоса теңгеді шығарылған бағалы қағаздар бойынша орташа салмақталған табыстылық 6,09% (дюрация – 5,21), ал АҚШ долларындағы бағалы қағаздар бойынша – 0,47% (дюрация – 1,2) көрсеткен.


Меншікті активтерді және арнайы резервтің активтерін ұлттық валютада инвестициялауға рұқсат берілген қаржы құралдары:

- ✓ Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;
- ✓ Биржалық және биржадан тыс нарықтағы кері репо операциялары (қамтамасыз етуге тек ҚР МБҚ қабылданады);
- ✓ ҚР Ұлттық банкіне орналастырылған депозиттер;
- ✓ Ұлттық басқарушы холдингтер шығарған бағалы қағаздар (меншікті активтер қоржынының 30% аспайды, меншікті активтер қоржынының 10%).

Шетел валютасында инвестициялауға рұқсат берілген қаржы құралдары:

- ✓ Айналым мерзімі 5 жылға дейінгі АҚШ Үкіметінің бағалы қағаздары (арнайы резерв активтері қоржынының 70%-дан 100% дейін);
- ✓ Егеменді бондтар, Халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздық міндеттемелері;
- ✓ Ең төменгі несиелік рейтингі А/А2 болып келетін мемлекеттік емес эмитенттердің бағалы қағаздары (арнайы резерв қоржынының 30% дейін, 1 эмитентке арнайы резерв қоржынының 10% дейін);
- ✓ Ең төменгі несиелік рейтингі А+/А1 болып келетін резидент емес банктердегі депозиттер (айналым мерзімі 1 жылдан аспайтын салымдар).

Қор активтерінің динамикасы (2005-2014 жж.)




■ Қор активтері

Есепті жылдың соңында Қордың инвестициялық активтерінің құны 400,9 млрд. теңгені (барлық активтердің 96,2%) көрсетіп отыр. 2014 жылдың қорытындысы бойынша инвестициялық табыс 31,3 млрд. теңгеге жеткен (өткен жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 64,7% артқан). 2014 жылы Қордың қаржы құралдары қоржынының құны 73,7 млрд. теңгені (22,5%) құраған.

Валюта нарығындағы, банк секторындағы ағымдағы жағдайға, белгілі бір қаржы құралдарының табыстылығының өзгеруіне және басқа да факторларға байланысты Директорлар кеңесі Қордың инвестициялық стратегиясына түзетулер енгізуі мүмкін.

31.12.2014 жылдағы Қордың инвестициялық қоржынының құрылымы



2008 жылдан бастап Қор ҚР Үкіметімен және қаржылық реттеу органдарымен бірлесе отырып арнайы резерв активтері бойынша алынған инвестициялық табысты салық салудан босату жөніндегі жұмыстарды жүргізді. Қор Қаржы министрлігінің, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің және Ұлттық банктің уәкілетті бөлімшелерінің қатысуымен аталған мәселені бірнеше рет көтерген болатын. Сонымен қоса, ҚР Салық кодексіне өзгерістер енгізу туралы жұмыс топтарының жиналыстарына қатысты және осы мәселені Мәжіліс және Сенат депутаттарымен болған жиналыстарда талқылады. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ҚР Салық кодексіне тиісті өзгертулер енгізілді. Сонымен қатар, арнайы резерв активтерінің және Қордың меншікті активтерінің бөлек есебін жүргізу тұрғысында «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына да өзгерістер енгізілді.

КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Заңмен қарастырылған жағдайлар мен тәртіп бойынша салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеу міндеттемелерін тиімді орындау үшін Қор қолданыстағы заңнама шеңберінде депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер дайындаған кепілдік берілген депозиттердің автоматтандырылған есебі бойынша дерекқорлардың Қордың талаптарына сай келуін орнатады. Бұл шара қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттері бойынша ақпараттың толықтығын және дұрыстығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ ақпараттың сапасын жақсартуға бағытталған.

Мәселен, 2009 жылдың ақпанынан бастап Қор кепілдік берілген депозиттердің автоматтандырылған есебі бойынша қатысушы банктердегі дерекқорлардың Қор талаптарына сай келуін анықтау бойынша шараларды жоспарлы түрде жүзеге асыруға кірісті. 2009 және 2014 жылдар аралығында Қор жалпы 32 банкте өз шараларын жүзеге асырды, соның ішінде 2014 жылы – 6 банкте, соның ішінде 1 банкте анықталған кемшіліктердің жойылғанын растау мақсатында қайта тексеру жүргізді.

Қор өз шараларын 2011 жылы жасалған өзінің меншікті бағдарламалық өнімі – «SalT Inspect» ақпараттық жүйесі – арқылы дерекқорлардың сәйкестігін анықтау шараларын жүргізеді. Бұл бағдарламалық өнім салымшылар тізімінің сапасын жедел тексеруге, салымшылардың сәйкестендіру мәліметтеріндегі және шоттардың деректемелеріндегі қателіктерді анықтауға, шоттар бойынша сомалардың және өзара есептесу сомаларының дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді, сондай-ақ анықталған қателіктер бойынша статистика жүргізуге қол жеткізеді.

2014 жылдың басында «SalT Inspect» АЖ түрлендірілді; тестілеу сәйкестікті анықтау шаралары шеңберінде қатысушы банктің депозиттік базасында жүргізілді. Ай сайын дайындаушымен бірге дамыту және техникалық қолдау келісім-шартына сәйкес жүйені жетілдіру және түзету бойынша жұмыстар жүргізілді. 2014 жылдың соңында негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді пайдалануға енгізу бойынша комиссиясының қатысуымен Қорда «SalT Inspect» АЖ тәжірибелік-өнеркәсіптік тестілеу жүргізілді.

2014 жыл ішінде ҚДКБҚ аталған бағдарламалық өнімді банктерде өз бетінше пайдалану үшін жұмыстар жүргізді. Сонымен қоса, ҚДКБҚ Консультативтік кеңесінің шешімі негізінде қатысушы банктер үшін кепілдік берілген депозиттердің есебі бойынша меншікті дерекқорларды өз бетінше тестілеу мүмкіндігін жүзеге асыру шеңберінде Қор барлық қатысушы банктерде «SalT Inspect» АЖ енгізуді жоспарлап отыр.

«SalT Payout» Ақпараттық жүйесі банкті мәжбүрлеп тарату дерегі бойынша жұмыстарға арналған және тарату комиссиясынан алынған мәліметтердің сапасының есебін жүргізу және бақылау үрдістерін, агент банктен алынған кепілді өтем төлемдері бойынша есептерді, кепілді өтем төлемдерінің дұрыстығын растайтын құжаттарды қамтитын агент банктің Қорға ұсынатын құжаттаманың толықтығын, сондай-ақ жүктелген ақпараттар бойынша статистиканы талдау және қорытындылау мақсатында есептерді қалыптастыру үрдістерін автоматтандырады. 2014 жылдан бастап Қор «SalT Payout» Ақпараттық жүйесіне түзету енгізу және жетілдіру үшін тестілеу жұмыстарын жүргізді.

«SalT Payout» АЖ өнеркәсіптік пайдалануға енгізу 2015 жылдың екінші тоқсанында жоспарланып отыр.

2014 жылдың шілде айынан бастап Қор «Валют-Транзит Банк» салымшыларына қосымша кепілдік берілген өтем төлеу мүмкіндігін ұйымдастыру бойынша шараларды іске асырды. Тиісті шаралар жоспары 2014 жылдың 14 қарашасында ҚДКБҚ, ҚР Ұлттық банкімен және банктің тарату комиссиясымен мақұлданды.

Қордың кепілдік берілген өтемді уақтылы және дұрыс төлеуге жедел дайын болуын қамтамасыз ету мақсатында 2014 жылдың соңында ҚР Заңына тиісті өзгерістер енгізген күннен бастап мәжбүрлеп таратылып жатқан «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына қосымша кепілдік берілген өтемді төлеуге Қордың дайындығын анықтау үшін стресс-тестілеу жүргізілді.

Жүргізілген стресс-тестілеудің нәтижесінде кепілдік берілген өтем төлеу механизмін жетілдіру бойынша Қор келесі шараларды іске асырды:

- агент банк арқылы кепілдік берілген өтемді төлеу кезіндегі Қордың қолданатын шаралары дайындалды;
- өз бетінше қосымша кепілдік берілген өтем төлеу кезіндегі Қордың қолданатын шаралары дайындалды.

Стресс-тестілеуді жүргізу барысында келесі маңызды міндеттерге назар аударылды:

1. Салымшылардың тізімін қалыптастыру;
2. Кепілдік берілген өтемді төлеу үшін агент банкті таңдау;
3. Кепілдік берілген өтемді төлеу.

Стресс-тестілеу нәтижелері бойынша, сонымен қатар кепілдік берілген өтемді төлеу үрдісіне қатысатын әрбір құрылымдық бөлімше бойынша әрекеттер жоспары жасалды, әрбір пункт бойынша жауапты тұлғалар анықталды, БАҚ-да мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланатын тиісті мәтіндер дайындалды.

Сонымен қатар, есепті жылы депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің бірде-бір қатысушы банкі Қордың агент банкті таңдау Ережесіне сәйкес агент банкке қойылатын талаптарға сай келмеген жағдайға дайын болу үшін «Қазпошта» АҚ-мен келіссөздер жүргізілді.

ТАРАТУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

31.12.2014 ж. жағдайға сәйкес «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ салымшыларына төленген кепілдік берілген өтемнің жалпы сомасы 680 млн. теңгені, немесе аталған банктің салымшылары алдындағы Қор міндеттемелерінің жалпы сомасының 88% құраған.

2014 жылдың соңында төленген кепілдік берілген өтем сомасы бойынша Қордың талаптары тарату комиссиясы тарапынан 88% қанағаттандырылған. Соңғы үш жылда «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ тарату өндірісі барысында кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша Қор талаптарын қанағаттандыру есебінен төлемдер жүргізілмеген.

«Валют-Транзит Банк» АҚ бойынша төленген кепілдік берілген өтемнің жалпы сомасы 13,87 млрд. теңгені, немесе аталған банктің салымшылар алдындағы міндеттемелерінің 98% құраған.

Кепілдік берілген өтемнің қалған төленбеген сомалары 0,01 теңгеден бастап 500-1000 теңгеге дейінгі міндеттемелерді қамтиды, бұл қаражаттардың иелері кепілдік берілген өтемдік қайтару туралы өтініш білдірмеген.

2015 жылдың 1 қаңтарындағы жағдайға сәйкес «Валют-Транзит Банк» АҚ Тарату комиссиясы Қор талаптарының 8,673 млрд. теңгесін, яғни 61,5% қанағаттандырған.

31.12.2014 ж. жағдайға сәйкес мәжбүрлеп таратылып жатқан банктердің салымшыларына кепілдік берілген өтемдерді төлеу

Мәжбүрлеп таратылып жатқан банктің атауы	ҚДКБҚ-ның салымшылар алдындағы міндеттемелерінің мөлшері	Кепілдік берілген өтем төлемдері		Тарату комиссиялары жапқан міндеттемелердің мөлшері	
		(млн. теңге)	(млн. теңге)	(мың салымшы)	(млн. теңге) (%)
«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ (16.11.2005 ж. тарату туралы сот шешімі)	772	680	3,6	679,4	88
«Валют-Транзит Банк» АҚ (13.02.2007 ж. тарату туралы сот шешімі)	14 103	13 876	63,2	8 673	61,5

2014 жылы Қор «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ-нан жалпы қарыз сомасынан 90% кем емес деңгейде, «Валют-Транзит Банк» АҚ-нан 65% кем емес деңгейде өзінің талаптарын (салымшы жеке тұлғалардың кепілді өтемақысын төлеу талаптарын) өндіріп алуды жоспарлаған болатын. 2014 жылы Қорға түсімдер жоспарының орындалмауы «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ бойынша 2%, ал «Валют-Транзит Банк» АҚ бойынша 3,5% құрады.

Қордың арнайы резервінің орны толмауының негізгі мәселелері банктердің тарату комиссияларының дебиторлық қарызды өндіріп алу бойынша қиындықтары және атқарушы өндірістің қанағатсыз жүргізілуі болып отыр.

Дебиторлық қарызды сот тәртібімен өндіріп алу мәселелері мыналардан тұрады:

- құжаттардың, соның ішінде несиелік және лизингтік құжаттамалардың, түпнұсқасының және көшірмесінің жоқтығы;

- төлем құжаттарының түпнұсқаларының жоқтығы;
- жылжымайтын мүлікпен мәмілелер бойынша Банк пен контрагенттер арасында жасалған келісім-шарттардың түпнұсқасының жоқтығы;

- жауап беруші жалған кәсіпорын деп танылуы және сотта жауап бере алмауы негізі салдарынан сот органдарының дауларды қабылдаудан және азаматтық іс қозғаудан бас тартуы;

- заңды мекен-жайы бойынша заңды тұлғаның болмауы;
- жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтары бар заңды тұлғаларды мемлекеттік тізімнен шығару;
- даулау өтінішін дайындау кезеңіндегі тіркеу ісінің материалдарына рұқсаттың болмауы.

Атқарушы өндірістің мәселелері мыналарды қамтиды:

- Қарызгерлердің ағымдағы шоттарында ақша қаражаттарының болмауы;
- Қарызды толық жабу үшін мүліктің жетіспеушілігі немесе жоқ болуы;
- Қарызгердің кепіл мүлкінің және басқа да мүлкінің төмен нарықтық бағасы;
- Мемлекеттік сот орындаушылары тарапынан сот актілерін ұзақ мерзім орындалмауы;
- Атқарушы өндіріс материалдарының жоғалу деректері.

2014 жылы «Валют-Транзит банк» АҚ тарату комиссиясына талаптары 920 млн. теңге көлемінде жабылған. «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ тарату комиссиясында ақша қаражаттарының болмауы салдарынан Қордың аталған банкке қойылған талаптары жабылған жоқ.

ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ ХАБАРДАР ЕТУ

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңына сәйкес Қордың миссиясы қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ат салысу, депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы банкін мәжбүрлеп тарату кезінде салымшылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады. Қордың миссиясын жүзеге асыруда қоғамды депозиттерге кепілдік беру туралы хабарландыру бойынша үздіксіз жұмыстар басқа да міндеттермен бірдей дәрежеге ие болады.

2014 жылы Қор депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы халықты хабардар ету үшін түрлі медиа ресурстарды, соның ішінде телеарналарды, радионы, баспасөздерді (республикалық және аймақтық басылымдарды), өзінің интернет ресурсын, әлеуметтік желілерді пайдаланды.

ҚДКБҚ 2014 жылдағы ақпараттық материалдарды жариялауы:

- **Баспасөз беттерінде** – жалпы аумағы 27 000 шаршы см. болатын республикалық және аймақтық газеттерде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мақалалар және ақпараттық хабарлар;
- **Теледидарда** – телеарналардағы имидждік бейнероликтер, жалпы алғанда 489 трансляция, «Қазақстан» телеарнасының «Таңшолпан» бағдарламасындағы сұхбат;
- **Радио** – республикалық радиоарналар эфирінде, жалпы алғанда аудиороликтердің 74 трансляциясы, Радио NS эфиріндегі сұхбат;
- **Полиграфиялық промо-өнімдер** – қатысушы банк бөлімшелері бойынша «Депозиттерге кепілдік беру туралы Сіз не білуіңіз қажет» тақырыбындағы стикерлер және ақпараттық буклеттер;
- **Кеңес беру** – 8 8000 80 10 20 «шұғыл байланыс» желісі бойынша 3 000-нан астам қоңыраулар қабылданды.

Депозиттерге кепілдік беру туралы Қор қызметкерлерінің кеңесін халық телефон арқылы «шұғыл байланыс желісінің» көмегімен де алады. 2014 жылы халықтан 3000-нан аса қоңыраулар келіп түскен. Қордың шұғыл байланыс желісіне қоңырау шалған салымшылар арасында сауалнама жүргізу нәтижесінде Қазақстанның әрбір аймағындағы барынша танымал және тиімді ақпарат каналдары анықталады, сонымен қоса ақпараттандыруда көрсетілуі тиіс ең өзекті мәселелер де анықталады.

2014 жылы Қордың өкілдері ЖОО студенттері үшін, КИМЭП, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, сондай-ақ ҚР Ұлттық банкі магистратурасында қаржы және экономика мамандықтары бойынша білім алушы шәкірттер арасында депозиттерге кепілдік беру туралы лекциялар циклын өткізді. Лекциялар әлемдік үздік тәжірибені және халықаралық стандарттарды талдай отырып, депозиттерге кепілдік берудің жалпы негіздеріне және даму тарихына, жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесінің дамуына, кепілдік берілген өтемді төлеу сұрақтарына арналған таныстыру дәрістері жүргізілді.

Қордың өзінің дербес интернет-ресурсы www.kdif.kz бар. 2015 жылы Қор интернет-ресурсты әрлендіру және пайдаланушылар интерфейсін жақсарту тұрғысында, дәлірек айтар болсақ оның құрылымын оңтайландыру, әрленімін (дизайнын) сапалық тұрғыдан жақсарту, жалпы қызмет ету қабілеттерін арттыру тұрғысынан жұмыстарды жүргізуді жоспарлап отыр.

2014 жылдың күзінде Қор еліміздегі қаржылық сауаттылық саласындағы ауқымды «Қаржы туралы» жобасымен бірлесе отырып депозиттерге кепілдік беру саласындағы негізгі сұрақтарды түсіну деңгейін анықтау мақсатында Facebook қолданушылары арасында конкурс өткізді. Осыдан кейін бағдарламаның Facebook аккаунтында және www.ofinans.kz сайтында депозиттерге кепілдік беру туралы бірқатар басылымдар жарияланды.

2014 жылдың соңында ҚР Ұлттық банкінің Қоғамдық қабылдау бөлімінде орналастыру үшін Қор салымшыларға арналған жадынамалар мен үндеу хаттар жіберген болатын. 2015 жылы Қор осы бағыт бойынша әріптестікті жалғастыруды көздеп отыр.

2014 жылы депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы банк клиенттерінің хабардар болуын арттыру саласында қатысушы банктермен әріптестік туралы келіссөздер басталды. Осы жоба аясында бірлескен жұмыс тобы құрылды, оның басты міндеті – депозиттерге кепілдік беру туралы ақпаратты жарнамаларда жариялаудың және банктік депозиттік өнімдерді ілгерілетудің, соның ішінде телеарналарда, радио, баспасөз беттерінде, интернетте жариялаудың оңтайлы әдістерін анықтау болып табылады. Бірлескен жұмыс тобына қатысушы банктердің өкілдері – PR және маркетингтік қызметтердің жетекшілері – бұл жұмыстардың маңыздылығын түсінеді және осы жобаны қолдайды. Бірлескен жұмыстар 2015 жылы басталмақ.

2015-2016 жылдарға арналған Тұжырымдама жасалатын болады, мұнда ҚДКБҚ брендбукін дайындау, қолданыстағы негізгі коммуникация арналарының тиімділігін қайта қарастыру, бұл бағыттың шешуші тиімділік көрсеткіштерін дайындау және оларды орындау, Қордың әлеуметтік желілердегі орнын жүйелеу және күшейту, халықтың қаржылық сауатын арттыру мақсатында ЕДБ-мен әріптестік қатынастарды тереңдету шешуші параметрлер болып табылмақ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

2014 жылы ҚДКБҚ депозиттерге кепілдік беру бойынша жекелеген ұйымдармен екі жақты әріптестік құруды күшейту жұмыстарын жүргізді.

Мәселен, маусым айында Ресей Федерациясының салымдарды сақтандыру бойынша Агенттігімен өзара түсіністік және әріптестік туралы меморандумға қол қойылды. Агенттік өкілдерімен екі жақты кездесулер шеңберінде ҚДКБҚ қызметкерлері банктерді тарату, соның ішінде тарату процедураларын қолдау саласында, таратылатын банктерде кінарат-талап қою жұмыстарын заңнамалық қолдау және жүргізу, бағдарламалық жасақтаманы дайындау бойынша кеңестер алды.

Қазақстандағы USAID макроэкономикалық жоба шеңберінде америкалық Deloitte кеңсесімен дайындалған Қазақстандағы екінші деңгейдегі банктерді сауықтыру және тарату тәжірибесі бойынша тұжырымдамалық ұсыныстарды жүзеге асыру мақсатында 2014 жылдың шілде айында ҚДКБҚ Салымдарды сақтандыру бойынша Федералдық корпорациясымен (FDIC, АҚШ) кеңестер топтамасын ұйымдастырды.

Бұған қоса, 2014 жылы Әзірбайжанның депозиттерге кепілдік беру қорымен және Түркияның депозиттерге кепілдік беру қорымен өзара түсіністік және әріптестік туралы меморандумдар жасалды. ӘДКБҚ-мен жасалған меморандум шеңберінде ҚДКБҚ Алматыда екі жақты техникалық семинар ұйымдастырды және міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесін жасау және тәуекелдерді басқару сұрақтары бойынша бірқатар кеңестер жүргізді.

Қордың өкілдері Әзірбайжанның депозиттерге кепілдік беру қоры ұйымдастырған «Банк жарналарының сараланған мөлшерлемелер жүйесін құру және дамыту» техникалық семинарына және ДСЖХҚ Азия-Тынық мұхиты аймақтық комитетінің кредиторлармен келісу және капитализациялау арқылы банктердің қаржылық дәрменсіздігін реттеуге арналған конференциясына спикерлер ретінде қатысты.

2014 жылы ҚДКБҚ депозиттерді сақтандыру жүйелерінің Халықаралық қауымдастығына қатысу аясында Атқарушы комитеттің, Еуразия және Азия-Тынық мұхиты аймақтық комитеттердің, сондай-ақ бірқатар тұрақты комитеттер мен жұмыс топтарының: Зерттеулер және әдістемелер Комитетінің, соның ішінде төлеуге қабілетсіз банктердің қарыздарын қайта құрылымдау бойынша ішкі комитеттің, Мүшелік және ақпараттар жөніндегі комитеттің, Дерекқорлар және зерттеулер жүргізу жөніндегі комитеттің жұмыстарына тартылды.

Жыл бойы Қор көптеген ДСЖХҚ зерттеулеріне қатысты. 2013 жылдың Жылдық сауалнамасына – депозиттерге кепілдік беру жүйесін кешенді талдау, сонымен қатар төлеуге қабілетсіз банктің міндеттемелерін қайта құрылымдау және капиталдандыру барысында депозиттерге кепілдік беруді ұйымдастыру қызметтері мен өкілеттері бойынша сауалнамаға жауаптар дайындалды. Бұған қоса Қор ДСЖХҚ барлық мүшелері қатысқан: 1) мәжбүрлеп таратылатын банктің кредиторлар комитетінің қызметтері мен өкілеттері туралы және 2) төлемге арналған арнайы қордың активтерін инвестициялық басқару ережесі және тәжірибесі туралы мәліметтер жинау үшін екі сауалнама ұйымдастырды.

2014 жылы ДСЖХҚ өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелері үшін негізгі қағидалардың өзекті мәтінін бекіту болды. ҚДКБҚ бұл жұмысқа да қатысты. Бүкіл әлемдегі депозиттерге кепілдік беру ұйымдарының өкілдерінің, осы ұйымдардың басшылары деңгейінде, жұмыс топтары аясында ауқымды ұжымдық жұмыстар атқарылды. 2014 жылдың қыркүйегінде ДСЖХҚ қатысушыларының жылдық жалпы жиналысында негізгі принциптердің жаңа басылымы Халықаралық валюта қорының және Базельдік банктік қадағалау комитетінің келісімімен бекітілген болатын.

2015-2016 жж. ҚДКБҚ өз бетінше немесе ҚРҰБ бірлесіп ДСЖХҚ әдістемесі бойынша негізгі қағидалардың жаңа басылымының сәйкестігін бағалауды жоспарлап отыр.

2014 жылы Қор банктердің қаржылық дәрменсіздігін ерте реттеу, оларды мәжбүрлеп тарату және тарату өндірісі бойынша қызметтер мен уәкілеттерді ҚРҰБ-нен Қорға өткізу бойынша әлеуетті күшейту үшін ҚДКБҚ-на техникалық көмек және кеңестер тарту шеңберінде Азия даму банкімен жұмыстар жүргізді.

2015-2016 жж. Қор басқа елдердің депозиттерге кепілдік беру бойынша бірқатар ұйымдарымен, сонымен қатар Азия даму банкімен екі жақты әріптестікті (өзара әріптестік туралы тиісті Меморандумдар жасасу, екі жақты тренингтер, кездесулер ұйымдастыру және т.б.) күшейтуді жоспарлап отыр.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ
Қ О Р Ы



КАЗАХСТАНСКИЙ
Ф О Н Д
ГАРАНТИРОВАНИЯ
ДЕПОЗИТОВ



15 ЖЫЛ
Сіздердің
депозиттеріңізді қорғауда

АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ ЖӘНЕ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

АУДИТОР ЕСЕБІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Бекітемін _____

Бас директор Т.Е. Нұрғазиев(5.10.2010 жылғы №00000069 МФО-2
мемлекеттік лицензиясы)

Тәуелсіз Аудитор есебі

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның басшылығына

Біз құрамына 2014 жылдың 31 желтоқсан жай-күйі бойынша мерзімдегі қаржылық жағдайы жайлы есепті және жалпы табыс жайлы есепті, сондай-ақ ақша-қаражаттарының қозғалысы жайлы есеп пен көрсетілген мерзімде аяқталған капиталдағы өзгерістер жайлы есепті, сонымен қатар ағымдағы қаржылық есептілікке түсіндірмелік ескертулердің қысқа сипаттамасын қамтитын «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның (мәтін бойынша әрі қарай «Қоғам» қолданысында) қаржылық есептілігінің аудитін жүргіздік.

Басшылықтың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Қоғам басшылығы Қаржылық есептіліктің Халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес даярланған ағымдағы қаржылық есептіліктің дайындалуына, сонымен қатар, Қоғам алаяқтық не қате салдарында пайда болған маңызды бұрмалаушылықтарды қамтымайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп есептейтін, ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз етуге жауапты болады.

Аудитордың жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміздің мәні жүргізген аудитіміздің негізінде ағымдағы қаржылық есептілік бойынша пікір білдіру. Біз аудитті Аудиттің Халықаралық стандарттарына сәйкес жүргіздік. Ағымдағы стандарттар біздің этикалық талаптарды орындауымызды, ағымдағы қаржылық есептілік маңызды бұрмалаушылықтарға ие емес деген пікірге көз жеткізуіміз үшін аудитті жоспарлап, өткізуімізді талап етеді.

Аудит өз құрамында ағымдағы қаржылық есептіліктегі сомалар мен ақпараттарды растайтын аудиторлық дәлелдерді алу мақсатында процедуралар мен талдауларды жүргізуді қамтиды. Таңдалған процедуралар аудитор пайымдамасына тәуелді болады, оның құрамына ағымдағы қаржылық есептіліктегі алаяқтық не қателіктермен байланысты маңызды бұрмалаушылықтар қаупін бағалау да кіреді. Қауіптерді бағалау барысында аудитор ағымдағы жағдайларда орынды деп есептелетін аудиторлық процедураларды құрастыру мақсатында қаржылық есептілікті дайындау және нақты ұсынумен байланысты Қоғамның ішкі бақылау жүйесін зерттейді, алайда бұл зерттеу Қоғамның ішкі бақылауының тиімділігі жайлы пікір білдіру мақсатында болмауы тиіс. Сонымен қатар, аудит, басшылық жасаған есеп-қисаптық бағалаудың орындылығы мен қолданылатын есептік саясаттың сәйкестілігінің бағалауын, сондай-ақ қаржылық есептіліктің жалпы ұсынысының бағалауын қамтиды.

Біздің ойымызша, біздің алған аудиторлық дәлелдеріміз аудиторлық пікірді білдіру үшін жеткілікті.

Пікір

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік Қоғамның 2014 жылдың 31 желтоқсан жай-күйі бойынша қаржылық жағдайын және оның қызметінің қаржылық нәтижелерін, аталмыш мерзімде аяқталған жыл ішіндегі ақша-қаражаттарының қозғалысын барлық маңызды аспектілерде, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес шындыққа сай бейнелейді.

Бас директор,**Аудитор:**1997 жылғы 2 мамыр айындағы
№ 0318 Біліктілік куәлігі**Нұрғазиев Т.Е.**Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Мамыр-4ы/а, 14 үй

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңге есебінде	2014	2013
АКТИВТЕР		
Ақша -қаражаттары мен олардың баламалары	5 875 525	6 244 345
Сатуға арналған қаржылық активтер	408 051 433	329 325 104
Өзге қаржылық активтер	2 779 554	2 334 226
Корпоративті табыс салығы бойынша алдын ала төлем	150 121	115 006
Қорлар	1 707	1 753
Өзге активтер	5 529	11 369
Кейінге қалдырылған салықтық актив	4 870	4 038
Негізгі құралдар	10 132	10 571
Материалды емес активтер	25 072	30 402
АКТИВТЕР БАРЛЫҒЫ	416 903 943	338 076 814
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Капитал		
Жарғылық капитал	177 156 000	161 051 000
Үлестірілмеген кіріс (жабылмаған шығын)	19 142 454	3 316 469
Қайта бағалау бойынша резерв	1 258 172	(340 164)
Резервті капитал	1 610 510	1 464 100
Өтеудің арнайы резерві	215 394 855	172 420 488
Капитал барлығы	414 561 991	337 911 893
Қысқа мерзімді міндеттемелер		
КТС-нан басқа, салықтар мен төлемдер бойынша міндеттемелер	32	-
Өзге қаржылық міндеттемелер	975	6 802
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	2 340 945	158 119
Қысқа мерзімді міндеттемелер барлығы	2 341 952	164 921
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР БАРЛЫҒЫ	416 903 943	338 076 814

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңге есебінде	2014	2013
Пайыздық кірістер	16 464 104	12 395 670
Пайыздық шығындар	(105 126)	(38 570)
Таза пайыздық кірістер	16 358 978	12 357 100
Қатысушы-банктердің жарналарынан және тарату комиссия түсімдерінен таза кіріс	31 304 307	25 996 961
Валютаны қайта бағалау шығындарын алып тастағандағы кірістер	11 692 442	1 265 683
Өзге кірістер	1 116	1 024
Өзге шығындар	(51)	-
Әкімшілік шығындар	(405 606)	(308 419)
Салық салғанға дейін пайда	58 951 186	39 312 349
Табыс салығы бойынша шығындар	832	1 081
Жыл ішіндегі кіріс	58 952 018	39 313 430
Қатысушы-банктердің жарналары мен тарату комиссиясы түсімдерінен таза кірісті өтеудің арнайы резервіне міндетті түрде үлестіру	(31 304 307)	(25 996 961)
Міндетті үлестіруден кейінгі пайда	27 647 711	13 316 469
Өзге жиынтықты кіріс (шығын):		
Сатуға арналған қаржылық активтерді қайта бағалаудан түскен кіріс (шығындар)	-	1 717 546
Өзге жиынтық кіріс (шығын) барлығы	-	1 717 546
Акционерге тиесілі корпоративті табыс салығын алып тастағандағы жыл ішіндегі жиынтықты кіріс (шығын)	27 647 711	15 034 015

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңге есебінде	Жарғылық капитал	Қайта бағалау бойынша резерв	Резервтік капитал	Өтеудің арнайы резерві	Үлестірілмеген табыс	Капитал барлығы
2012 жылдың 31 желтоқсанына сальдо	146 410 000	(2 057 710)	1 331 000	126 878 024	9 678 603	282 239 917
Жыл ішіндегі пайда (шығын)	-	-	-	-	13 316 469	13 316 469
Жыл ішіндегі өзге жиынтықты кіріс (шығын)	-	1 717 546	-	-	-	1 717 546
Жыл ішіндегі жиынтықты кіріс (шығын)	-	1 717 546	-	-	13 316 469	15 034 015
Акциялар эмиссиясы	14 641 000	-	-	-	-	14 641 000
Резервтік капиталын қалыптастыру	-	-	133 100	-	(133 100)	-
Орнын толтырудың арнайы резервін қалыптастыру	-	-	-	19 545 503	(19 545 503)	-
Қатысушы-банктердің жарналарынан түскен таза табысты міндетті үлестіру және тарату комиссиясынан өтеудің арнайы резервіне түсіру	-	-	-	25 996 961	-	25 996 961
2013 жылдың 31 желтоқсанына сальдо	161 051 000	(340 164)	1 464 100	172 420 488	3 316 469	337 911 893
Есептік саясатта өзгеріс, өткен кезеңдерге түзетулер	-	-	-	-	(5 256)	(5 256)*
2013 жылдың 31 желтоқсанына түзетуден кейінгі сальдо	161 051 000	(340 164)	1 464 100	172 420 488	3 311 213	337 906 637
Жыл ішіндегі пайда (шығын)	-	-	-	-	27 647 711	27 647 711
Жыл ішіндегі өзге жиынтықты кіріс (шығын)	-	1 598 336	-	-	-	1 598 336
Жыл ішіндегі жиынтықты кіріс (шығын)	-	1 598 336	-	-	27 647 711	29 246 047
Акциялар эмиссиясы	16 105 000	-	-	-	-	16 105 000
Резервтік капиталын қалыптастыру	-	-	146 410	-	(146 410)	-
Орнын толтырудың арнайы резервін қалыптастыру	-	-	-	11 670 060	(11 670 060)	-
Қатысушы-банктердің жарналарынан түскен таза кірісті міндетті үлестіру және тарату комиссиясынан өтеудің арнайы резервіне түсіру	-	-	-	31 304 307	-	31 304 307
2014 жылдың 31 желтоқсанына сальдо	177 156 000	1 258 172	1 610 510	215 394 855	19 142 454	414 561 991

* Есептік саясаттың және 38 «Материалдық емес активтердің есебі» ҚЕХС 71т. байланысты өткен кезеңде орын алған қателерді Қоғам тарапынан есепті кезеңде түзетулер жүзеге асырылған.

АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңге есебінде	2014	2013
Операциялық қызметтен түскен ақша-қаражаттарының қозғалысы:		
Ақша-қаражаттарының түсімі, барлығы	48 244 517	38 973 931
Міндетті күнтізбелік жарналар түсімі	32 077 269	26 225 847
Тарату комиссиясынан түсімдері	920 000	748 000
Банктерде орналастырылған салымдар бойынша сыйақылар түсімі	37 895	7 325
Сатуға арналған қаржылық активтер бойынша алынған сыйақы	15 035 282	11 978 020
«Кері РЕПО» операциялары бойынша алынған сыйақы	135 893	3 563
Өзге түсімдер	38 178	11 176
Ақша-қаражаттарының шығып қалуы, барлығы	411 605	428 464
Жеткізушілерге тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер	103 058	104 789
Іс-сапарлық шығындар бойынша төлемдер	8 976	6 377
Еңбек ақы бойынша төлемдер	178 812	126 376
Төленген корпоративті табыс салығы	28 428	117 096
Бюджетке түсетін салықтар мен өзге міндетті төлемдер	63 893	48 023
Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өтеу төлемдері	925	808
Өзге төлемдер	27 513	24 995
Операциялық қызметтен түскен ақша-қаражаттарының таза сомасы	47 832 912	38 545 467
Инвестициялық қызметтен түскен ақша-қаражаттарының қозғалысы:		
Ақша-қаражаттарының түсімі, барлығы	185 065 261	116 551 901
Оның ішінде:		
Сатуға арналған қаржылық активтерді жабудан түскен түсімдер	96 073 210	106 920 896
«Кері РЕПО» операцияларынан түсімдер	88 992 051	9 631 005
Ақша-қаражаттарының шығып қалуы, барлығы	249 372 862	166 898 263
Оның ішінде:		
Негізгі құралдарды сатып алу	3 842	4 584
Материалды емес активтерді сатып алу	10 561	26 627
Сатуға арналған қаржылық активтерді сатып алу	173 178 419	144 424 035
«Кері РЕПО» операциялары бойынша шығып қалу	76 180 040	22 443 017
Өзге төлемдер		
Инвестициялық қызметтен түскен ақша-қаражаттарының таза сомасы	(64 307 601)	(50 346 362)
Қаржылық қызметтен түскен ақша-қаражаттарының қозғалысы:		
Ақша-қаражаттарының түсімі, барлығы	16 105 000	14 641 000
Оның ішінде:		
Жай акциялар эмиссиясы	16 105 000	14 641 000
Өзге түсімдер	-	-
Ақша-қаражаттарының шығып қалуы, барлығы	-	-
Қаржылық қызметтен түскен ақша-қаражаттарының таза сомасы	16 105 000	14 641 000
Ақша-қаражаттарының таза өзгерісі	(369 689)	2 840 105
Айырбастау бағамы өзгерісінің шет елдік валютадағы ақша-қаражаттарының сальдосына ықпалы	869	(152 186)
Есептік мерзім басындағы ақша-қаражаттары мен олардың баламалары	6 244 345	3 556 426
Есептік мерзім аяғындағы ақша-қаражаттары мен олардың баламалары	5 875 525	6 244 345

ГЛОССАРИЙ

Агент банк	Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушысы болып табылатын және депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйыммен жасалған келісімнің негізінде депозиторларға кепілдік берілген өтем төлеу жөніндегі рәсімдерді орындайтын банк;
Қатысушы банк	Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын, тартылған депозиттерін қайтару жөніндегі міндеттемелеріне Міндетті кепілдік беру Заңына сәйкес кепілдік берілетін банк
Жарналар	Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға қатысушы банктердің Міндетті кепілдік беру Заңының талаптарына сәйкес төлейтін төлемдері
Кепілдік берілген өтем	Депозиттерге міндетті кепілдік беру Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым кепілдік берілген депозит бойынша депозиторға төлейтін ақша сомасы
Кепілдік берілген депозит	Депозиттерге міндетті кепілдік беру Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылатын депозит
Қосылу шарты	Банктің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қосылу шарты, оның талаптарын депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым айқындайды және олар жүйеге кіретін барлық банктер үшін стандартты болып табылады
Сапалық көрсеткіштер	Қатысушы банктің басқару сапасын сипаттайтын көрсеткіштер
Сандық көрсеткіштер	Қатысушы банктің қаржылық қызметін сипаттайтын көрсеткіштер
Сыйақының ең жоғарғы мөлшерлемесі	Қор Директорлар кеңесімен бекітілетін және қатысушы банктерге ұстану мақсатында ұсынылатын жеке тұлғалардың қайта тартылған депозиттерінің ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемелері
Жалпы жинақтаушы балл	Қатысушы банктің есепті тоқсанды қоса есептегенде соңғы жеті тоқсанда, жинаған жалпы балдарын есепке ала отырып шығарылатын міндетті күнтізбелік жарналарының мөлшерлемесін анықтайтын есепті тоқсанға жинақтаушы балы
Қатысушы банктің куәлігі	Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым қатысушы банкке беретін және оның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысатынын куәландыратын құжат
Депозиттерге кепілдік беру жүйесі	Депозиттерге міндетті кепілдік беру Заңында көзделген, қатысушы банктер депозиторларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған ұйымдық-құқықтық шаралар кешені
Уәкілетті орган	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АДБ	Азия даму банкі
АЖ	Ақпараттық жүйе
АҚ	Акционерлік қоғам
БҚ	Бағалы қағаздар
ДКБЖ	Депозиттерге кепілдік беру жүйесі
ДСЖХҚ, IADI	Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы (International Association of Deposit Insurers)
ЕААК	Еуразиялық аймақтық комитет
ЕДБ	Екінші деңгейдегі банктер
Әдістеме	Қордың арнайы резервінің мақсатты деңгейін анықтау әдістемесі
Ереже	Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктерінің міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарының мөлшерін және тәртібін анықтау Ережесі
Қатысушы банктер	Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер
ҚИК	«Қазақстан Ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ
ҚҚҚ	Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы
ҚҚК, Қаржылық қадағалау комитеті	ҚР Ұлттық банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау комитеті
Қор, ҚДКБҚ	«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ; депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асырушы ұйым
ҚРҰБ, Ұлттық банк	Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі
МБҚ	Мемлекеттік бағалы қағаздар
Міндетті кепілдік беру туралы заң	«Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңы
РФ	Ресей федерациясы
СМЖ	Міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерінің жүйесі
ТМД	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
ХВҚ	Халықаралық валюта қоры
Шаралар	Кепілдік берілген депозиттердің есебін жүргізудің автоматтандырылған дерекқорының Қордың бірыңғай талаптарына сай келуін анықтау бойынша шаралар